32 ЖЫЛ КҮТКЕН АЛТЫН

6-БЕТ | РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ШЕШЕДЕН НЕГЕ ЖЕРІДІК?

10-БЕТ | ҚОҒАМ

СУИЦИДКЕ СЕБЕП НЕ?

11-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазіргі геосаяси жағдайда «Бір белдеу, бір жол» бастамасы қажетті халықаралық жобаға және ынтымақтастықтың ірі платформасына айналды. Бұл жоба Қытайдың экономикалық қуатын, сондай-ақ оның жаһандық деңгейдегі жаңа белестерді бағындыруға ұмтылысын көрсетеді. Осы жобаға қатысушы мемлекеттердің бастамалары арқасында Азия, Еуропа және Африканың 150-ден астам елі тарам-тарам теміржолдар желісі, жоғары жылдамдықты күре жолдар және теңіз жолдары арқылы байланыс жасап отыр.

№124
(4557)
Бейсенбі
19 қазан
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына ресми сапары Төраға Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізуден басталды. Қытай елінің басшысы Қазақстан Президентін Бейжіңдегі Халық жиналысы үйінде қарсы алды. Мәртебелі мейманның келуіне орай Құрмет қарауылы сап түзеп тұрды. Содан кейін мемлекеттер басшылары өз делегацияларымен бірге Үлкен шығыс залында келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Си Цзиньпиннің «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумына қатысуға шақыруын зор ықыласпен қабыл алып, Қытайға тағы да сапармен келгенін атап өтті.

«Қазақстан Сіздің осы жаһандық бастамаңызға алғашқы күннен бастап қолдау білдірді және оны ілгерілетуге белсенді атсалысып келеді. Осыдан тура 10 жыл бұрын Астанада сөйлеген сөзіңізде Сіздің осы бастама туралы айтқаныңыз есімізде. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Сізді осы мегажобаны жүзеге асыру барысында керемет нәтижеге қол жеткізуіңізбен құттықтаймын және айтулы шараның табысты өтуіне тілектестік білдіремін. Сондай-ақ Сізді Қытай Халық Республикасының құрылғанына 74 жыл толуымен және Ханчжоуда өткен XIX жазғы Азия ойындарындағы Қытай командасының зор жетістігімен құттықтаймын. Біз Қытайдың қарқынды дамуын ерекше ықыласпен бақылап отырмыз. Сіздің дана басшылығыңызбен Қытай әлемдік жетекші державаға айналуды көздеген асқақ мұратына жетуге батыл қадам жасап келеді» деді Президент.

(Соңы 2-бетте)

«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

РУХАНИ КЕЛІСІМ – ТАТУЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақ елінің ең бағалы байлығы – бірлігі мен тұрақтылығы. Ал республика жұртшылығы арасындағы рухани келісім бірлік пен тұрақтылықтың тұтқасына айналып отыр. Кеше Бейбітшілік және келісім сарайында өткен халықаралық конференцияда қазақ елінің береке-бірлігі айшықталды.

Еуро-2024 турниріне іріктеу аясында Қазақстан ұлттық құрамасы Финляндияға қонаққа барды. Хельсинки қаласында өткен матчта қазақ футболшылары 2:1 есебімен жеңіске жетті. Осы ойынға дейін қос құраманың ұпайы тепе-тең болатын. Қайсысы ұтады, сол команданың Еуропа чемпионатына қатысу мүмкіндігі арта түсетін еді...

ҰТЫЛЫП ТҰРЫП, ҰТТЫҚ!

АУҚЫМДЫ КӨРМЕ ӨТЕДІ

Бас қалада 19-21 қазан күндері EXPO халықаралық көрме орталығында Орталық Азиядағы ең ірі аграрлық көрме өтеді.

«KazAgro/KazFarm-2023» іс-шарасында аграрлық ғылымның соңғы әлемдік жетістігін енгізуге ықпал ететін жетекші әлемдік агроконцерндердің бірқатар ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтары, инновациялық технологиялар мен аграрлық секторды дамыту бағдарламалары ұсынылады. Көрмеге әлемнің 20-дан астам елінен 300-ге жуық компания мен ұйым қатысады деп күтіліп отыр. Көрме бүгін сағат 11:00-де ресми түрде ашылады.

Республика күні 25 қазан

МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАЛАР БАСТАЛДЫ

Елордада Республика күні мерекесіне арналған 200-ге жуық іс-шара өтеді.

Астана мектептерінде ұлттық мерекеге арналған ашық сабақтар, концерт бағдарламалары мен дөңгелек үстелдер басталып кетті. Елордалық оқушылар мерекелік акцияларды әлеуметтік желілерде жариялай бастады. Видеороликтерде оқушылар салтанатты және шығармашылық іс-шараларды көрсетіп, педагогтармен бірге мемлекеттік мерекелердің маңызын талқылауда. Сондай-ақ бас қалада мереке қарсаңында әлеуметтік-қайырымдылық және мәдени-спорттық шаралар да өтеді.

№124 (4557) 19/10/2023 Бейсенбі

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы жан-жақты әрі мәңгілік стратегиялық серіктестікке негізделген қазақ-қытай қатынастары қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды.

«Біз барлық бағыт бойынша тиімді мемлекетаралық ықпалдастықты жолға қойдық. Сіздің былтыр қыркүйек айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарыңыз өзара байланыстардың барынша нығаюына тың серпін берді. Сапар аясында елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың жаңа «алтын 30 жылдығы» басталды. Мемлекеттеріміз арасындағы сауда-саттық табысты дамып келеді. Айтарлықтай өсім бар. Инвестицияның жалпы көлемі 21 миллиард доллар болатын 52 бірлескен жоба жүзеге асырылып жатыр. 2024 жыл Қытайда Қазақстан туризмі жылы болып жарияланды. Бұл осы сала үшін мол мүмкіндіктерге жол ашады. Өзара мәдени-гуманитарлық байланыстар үшін қолайлы жағдай жасалуда. Мемлекетаралық қарым-қатынастарды мүлдем жаңа деңгейге шығару үшін Қазақстанның да, Қытайдың да орасан зор әлеуеті бар деп санаймын. Осы мүмкіндікті пайдаланып, құрметті Төраға Си Цзиньпин, Сізді келесі жылы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырамын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы шақыруын қабыл алғаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту маңызды екенін атап өтті.

«Жоғары деңгейдегі «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумына қош келдіңіз. Орнықты әрі қарқынды қазақ-қытай қатынастары екі ел арасындағы өзара сенімді нығайтып, бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау ісінде батыл әрекет етуге септігін тигізеді. Халықаралық жағдайдың қалай құбылатынына қарамастан, Қытай мен Қазақстан өздерінің бастапқы ұстанымдарынан айнымай, бір-біріне жәрдемдеседі. Елдеріміз арасында достық қатынастар орнаған жылдар ішінде біз мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік қалыптастыра алдық. «Бір белдеу, бір жол» жобасын 10 жыл бұрын Қазақстанда көтерген едім» деді Си Цзиньпин.

ҚХР Төрағасының айтуынша, Қытай Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын, сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформаларды толықтай қолдайды. Келіссөз барысында тараптар сауда-экономика, мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, қаржы, көлік-транзит, атом өнеркәсібі, машина жасау, туризм, электронды коммерция және жоғары технология салаларындағы жан-жақты ықпалдастықты дамыту мәселелерін талқылады. Мемлекеттер басшылары бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ мәдениетаралық байланыстарға жағдай жасау маңызды екеніне назар аударды.

Бұдан бөлек, мемлекеттер басшылары халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпиннің келіссөзі нәтижесінде екі елдің делегация мүшелері мынадай құжаттарға қол қойды:

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі мен Қытай Халық Республикасы Даму және реформалар жөніндегі мемлекеттік комитеті арасындағы экономикалық даму саласындағы алмасу және ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытын, оның ішінде Қытай-Еуропа қатынасындағы контейнерлік пойыздар үшін дамыту жөніндегі келісім;

3. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Даму және реформалар жөніндегі мемлекеттік комитеті арасындағы «Тачэн – Аягөз» теміржолын салу жобасы бойынша ынтымақтастықты бірлесіп дамыту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

4. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту жөніндегі келісім;

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Бас кеден басқармасы арасындағы Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына рапсты экспорттау кезіндегі фитосанитариялық талаптар туралы хаттама.

Сапар шеңберінде жалпы құны 16,54 миллиард доллар болатын 30 коммерциялық құжатқа, соның ішінде инвестициялық, сауда келісімдеріне, өндіріс технологиясын беру, кредит желісін ашу және тағы да басқа бағыттарды қамтитын келісімшарттарға қол қойылды.

БЕЙЖІҢДЕ ҰЛЫ БАБА МҮСІНІ БАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзі білім алған Бейжің Тіл және мәдениет университетінің аумағында ортағасырлық философ, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабиге арналған бюстті салтанатты түрде ашу рәсіміне қатысты. Ашылу рәсіміне ҚХР білім министрінің орынбасары Ван Гуанянь, университеттің Партия комитетінің хатшысы Ни Хайдун, ректоры Дуан Пэн және Мемлекет басшысына сабақ берген университет профессоры Лю Шицинь, сондай-ақ ҚХР Мемлекеттік өнер мұражайының директоры, мүсін авторы У Вэйшань қатысты.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, әл-Фарабидің әлемдік өркениетке қосқан зор үлесіне айрықша тоқталды.

«Баршаңызға мәлім, әл-Фараби – Шығыстың ұлы ойшылы, оның әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі орасан зор. Әл-Фараби Қазақстан аумағында туып-өсті, білім іздеп көптеген елге барды. Математика, жаратылыстану, астрономия, филология және басқа да бірқатар ілімді дамытуға зор еңбек сіңірді. Адамзаттың дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ол философиялық туындыларында әділдік идеясына ерекше назар аударды. Қайырымды қоғам және үйлесімді мемлекет құру мәселесіне баса мән берді. Адамгершілік пен рухани құндылықтарды дәріптеді. Ғалым музыка және каллиграфия өнерін зерделеді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев энциклопедиялық деңгейдегі, яғни жан-жақты білімі бар әл-Фарабиді замандастары Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» деп атағанына назар аударып, ғұлама ғалымның еңбектері әрдайым өзекті, мән-мағынасын жоғалтпайтынын атап өтті.

«Оның шығармалары – әлемдік ақыл-ойдың алтын қорына қосылған құнды қазына. Әл-Фарабидің 1150 жылдығы ЮНЕСКО-ның атаулы күндерінің жаһандық тізіміне енгізілді. Біз 2020 жылы осы мерейтойды ерекше атап өттік. Халықаралық ғылыми симпозиумдар, конференциялар ұйымдастырылды. Монографиялар мен жинақтар басып шығарылды. Деректі фильмдер түсірілді. Мұның бәрі әл-Фарабидің еңбектерін терең түсінуге мүмкіндік береді, оның мол мұрасын жан-жақты насихаттауға жол ашады. Енді Қытай ғалымдары мен жастарына философ жайлы бірқатар ғылыми еңбектер қолжетімді болады. Осы құнды деректермен, ең алдымен, Бейжің Тіл және мәдениет университетінің оқытушылары мен студенттері таныса алады. Бұл – қуантарлық жайт. Мен де кезінде осы оқу орнында тура қырық жыл бұрын білім алдым. Сондықтан бүгін Әбу Насыр әл-Фарабидің мүсінін ашу – мен үшін зор мәртебе» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ұлы ойшылдың мұрасы білім ордасында жан-жақты зерттелетініне, сол арқылы мәдени байланыстарымыз нығая түсетініне сенім білдірді. Сонымен қатар осы бастамаға қолдау білдірген Қытай Үкіметіне, Бейжің Тіл және мәдениет университетіне, Қытайдың Мемлекеттік өнер мұражайына және көрнекті мүсінші У Вэйшаньға зор ризашылығын білдірді.

Бұдан бөлек, Президент Бейжің лингвистикалық институтында тағылымдамадан өткен кезінде өзіне дәріс берген профессор Лю Шициньмен әңгімелесті.

«40 жылдан кейін білім алған университетіме келіп, өзіңізді аман-сау көргеніме өте қуаныштымын. Мен сіздің еңбекқорлығыңызды, табандылығыңыз бен ерік-жігеріңізді ерекше бағалаймын. Сіздің шәкірттерге берген біліміңізге баға жетпейді. Мұның бәрі сіздің кәсібилігіңізді, ыждаһаттылығыңызды және өз ісіңізге деген адалдығыңызды көрсетеді. Құрметті демалыста екеніңізді білемін. Соған қарамастан, университеттің қоғамдық өміріне атсалысуды жалғастырып, мәдениетаралық байланыстардың дамуына зор үлес қосып жүрсіз» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Лю Шициньге алғыс айтып, оған зор денсаулық пен ұзақ өмір тіледі. Мұнан соң Мемлекет басшысына университетте оқыған кезіндегі өзінің архив құжаттарын көрсетті. Іс-шара соңында Президент Бейжің Тіл және мәдениет университетіне Әбу Насыр әл-Фарабидің портретін сыйлап, осы оқу орнында білім алып жатқан қазақстандық студенттермен әңгімелесті.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Цянмен кездесті. Кездесу барысында Қазақстан мен Қытай арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жай-күйі және оны дамыту перспективасы талқыланды. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің бұған дейінгі кездесулерінде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыруға баса назар аударылды.

Қазақстан Президенті Қытайдың қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамуын ерекше ықыласпен бақылап отырғанын атап өтті.

«ҚХР Үкіметі әлемді тұрақсыздық жайлап тұрған қазіргі кезеңде экономиканың орнықтылығын қамтамасыз етуге қатысты маңызды мәселені тиімді шешіп отыр. Қытайдың жаһандық экономиканың орнықты дамуына қосқан елеулі үлесін жоғары бағалаймыз. Қазақстан Қытаймен достық, тату көршілік қарым-қатынасты және жан-жақты стратегиялық ынтымақтастықты нығайтуға қашанда ерекше мән береді. Қазақстан ҚХР-дың сенімді стратегиялық серіктесі әрі тату көршісі болып келді және келешекте де солай болып қала береді. Бүгінде қазақ-қытай қатынасы қарқынды дамып жатыр. Бұған жоғары деңгейдегі белсенді саяси диалог, сондай-ақ екі ел үкіметтерінің үйлесімді жұмысы ықпал етуде» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен өте табысты келіссөз жүргізгенін, көпжақты қазақ-қытай қатынасын одан әрі нығайту үшін нақты уағдаластықтарға қол жеткізілгенін мәлім етті.

«Сапарымның аясында Үкімет деңгейіндегі 9 құжатқа, екі елдің бизнес және басқа да құрылымдарымен 20-дан астам келісімге қол қойылды. Қытайдағы Қазақстан туризмі жылы аясында визасыз режимге және Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға, сондай-ақ энергетика саласындағы өзара ықпалдастығымызға қатысты келісімдердің маңызы зор екенін атап өткім келеді» деді Президент.

Өз кезегінде Ли Цян екіжақты байланыстарды одан әрі нығайту тұрғысынан Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚХР-ға жасаған сапарының маңыздылығына тоқталды. Кездесу барысында ауыл шаруашылығы, инвестиция, көлік және транзит, энергетика, мұнай-газ химиясы, геологиялық барлау, автокөлік құрастыру, жоғары технология, цифрландыру салаларындағы өзара ықпалдастықты нығайту мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ли Цян трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты жалғастыруға өзара бейілді екенін растады.

«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» – XXI ҒАСЫРДЫҢ МЕГАЖОБАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Бейжіңге ресми сапарының екінші күні «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумының ашылу рәсіміне қатысудан басталды. Қазақстан Президенті дәстүрлі қонақжайлығы мен форумды мінсіз ұйымдастырғаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қытайдың жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі шешуші рөліне назар аударып, оны экономикалық және технологиялық дамудың локомотиві ретінде атап өтті.

«Қазіргі геосаяси жағдайда «Бір белдеу, бір жол» бастамасы қажетті халықаралық жобаға және ынтымақтастықтың ірі платформасына айналды. Бұл жоба Қытайдың экономикалық қуатын, сондай-ақ оның жаһандық деңгейдегі жаңа белестерді бағындыруға ұмтылысын көрсетеді. Осыдан он жыл бұрын Сіз Қазақстанда алғаш рет «Бір белдеу, бір жол» ұзақмерзімді бастамасын ұсынып, оның басты қозғаушы күші болдыңыз. Мұның символдық мәні зор. Осы маңызды мерейтойды атап өте отырып, бүгінде Сіздің бастамаңыз өзінің қажеттілігін көрсетті және әлемдік қоғамдастық тарапынан мойындалып, жаһандық ауқымдағы үлкен жобаға айналды деп сенімді түрде айта аламыз» деді Президент.

Мемлекет басшысы «Бір белдеу, бір жол» жобасының теңдессіз әрі ауқымды халықаралық ынтымақтастық үшін пәрменді платформаға айналғанына тоқталды.

«Осы жобаға қатысушы мемлекеттердің бастамалары арқасында Азия, Еуропа және Африканың 150-ден астам елі тарам-тарам теміржолдар желісі, жоғары жылдамдықты күре жолдар және теңіз жолдары арқылы байланыс жасап отыр. Бұл жоба әлем экономикасының жылдам құбылып тұрған жағдайында қазіргі заманның аса күрделі сын-қатерлеріне тиімді төтеп бере алатын және мемлекеттеріміз үшін жалпыға ортақ игілікке айналды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы аталған бастаманың елдер арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға, тату көршілік қатынастарды, достық пен өзара түсіністікті нығайтуға елеулі үлес қосатынына тоқталды.

«Бір белдеу, бір жол» Ұлы Жібек жолы ренессансына тың серпін берді десек, артық айтқанымыз емес. Сондықтан Қытайдың бұл бастамасы – XXI ғасырдың мегажобасы. Бұл – әділ баға» деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның жетістіктері жөнінде де айтты. Осы ретте, Президенттің пікірінше, Еуразия кіндігінде орналасқан еліміз, Солтүстік пен Оңтүстікті, Батыс пен Шығысты байланыстыра отырып, бастаманы іске асыруда ерекше рөл атқарады. Оның айтуынша, Қытаймен арада созылып жатқан ортақ шекарасы бар әрі аумағы үлкен құрлықішілік мемлекет ретінде Қазақстан халықаралық маңызға ие көлік-логистикалық торапқа айналуға барынша күш салып отыр.

«Бүгінде Қытайдан Еуропаға жасалатын жерүсті транзиттік тасымалдың 85 пайызға жуығы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Көлік-транзит саласының дамуына баса мән бере отырып, соңғы 15 жылда біз осы мақсаттарға 35 миллиард доллардан астам қаражат бөлдік. Ляньюңгандағы қазақ-қытай логистикалық орталығы, «Қорғас» құрғақ порты, Батыс Еуропа – Батыс Қытай транзиттік магистралі, Қытайдан Иранға баратын теміржол дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар іске қосылды. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті үш жыл ішінде 1300 шақырым жаңа теміржол салуға, Қытаймен шекарада үшінші теміржол өткізу пунктін ашуға, «Бақты» және «Қалжат» жаңа құрғақ порттарының құрылысына қатысты жоспарын ортаға салды. Бұл – Қазақстанның ірі экономикалық жобалары Қытайдың жаһандық бастамасымен ұштасатынын анық көрсетеді. Мемлекет басшысы өз сөзінде аса ірі жобаның – Транскаспий халықаралық көлік бағытының ерекше рөліне назар аударды. Бұл бағдар Қытайды, Орталық Азияны және Еуропаны байланыстыратын «Бір белдеу, бір жол» бастамасының құрлықтағы көпіріне айнала алады. Осы ретте жүк тасымалдау мерзімін екі есе қысқартуға және көлік шығындарын айтарлықтай төмендетуге ықпал етеді.

«Қазақстан мен Қытай арасында Транскаспий бағытын дамыту жөніндегі үкіметаралық екі келісімге қол қойылды. Жуық арада бұл келісімдер айтарлықтай нәтиже беретініне сенімдімін. Күш-жігерімізді тиімдірек үйлестіру үшін Ірі стратегиялық порттардың, логистикалық орталықтардың және пошта хабтарының серіктестік желісін құруды ұсынамын. Сонымен қатар кемелер мен контейнерлердің бірлескен өндірісін жолға қоюға мүдделіміз. Қазақстан жолаушылар мен жүктерді тұрақты тасымалдау ісін қамтамасыз ете отырып, әлемнің жетекші әуе компаниялары үшін сенімді әуе көпірі және ыңғайлы айлақ болуға дайын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, жаңа жаһандық жоба саналатын «Цифрлық Жібек жолы» бастамасы аясындағы серіктестік мол мүмкіндіктерге жол ашады.

«Цифрлық және зияткерлік ықпалдастықтың жаңа моделін құру экономикамыздың инновациялық тұрғыда дамуына елеулі үлес қосатынына сенімдімін. «Бір белдеу, бір жол» бастамасының жаңа онжылдығында Қазақстан ортақ табысқа жетуге жан-жақты атсалысуды жалғастырады. Құрметті Төраға Си Цзиньпин, Сіздің дана басшылығыңызбен ҚХР түрлі халықтардың ортақ тарихи тағдыры тұжырымдамасы негізінде Қытайдың жаңа дәуірін қалыптастыруда одан әрі зор жетістіктерге жететініне сенімдімін» деп қорытындылады сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар форумда Қытай Төрағасы Си Цзиньпинь, Ресей Президенті Владимир Путин, Индонезия Президенті Джоко Видодо, Аргентина Президенті Альберто Фернандес, Эфиопия Премьер-министрі Абий Ахмед, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш сөз сөйледі. Форумға 20-дан астам мемлекеттің басшылары және 130-дан аса ел мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

ҚЫТАЙЛЫҚ КОМПАНИЯ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше ірі қытайлық компания жетекшілерімен, мемлекеттік орган басшыларымен жеке-жеке кездесіп, бірлескен инвестициялық жобалардың іске асырылуын талқылады.

SINOPEC ҚАЗАҚСТАНДА ЗАУЫТ САЛАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР-ға ресми сапары аясында SINOPEC компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Ма Юншэнмен кездесу өткізді. Әңгімелесу барысында өзара ынтымақтастық және мұнай-газ химиясы мен энергетика салаларындағы бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру перспективалары талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев SINOPEC компаниясының полиэтилен өндірісі жобасына толыққанды серіктес ретінде қатысуы Қазақстанның аталған кәсіпорынмен орнықты ықпалдастығының айқын дәлелі екенін атап өтті. Қазақстан мұнай-газ химиясына қатысты әлемдік деңгейдегі мұндай ауқымды жобаны бұған дейін жүзеге асырмаған. Жобаның жалпы құны – 7,7 миллиард доллар.

«Біз компанияның Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты қарым-қатынасты дамытуға, сондай-ақ еліміздің мұнай-газ саласына қосқан үлесін жоғары бағалаймыз. Сіздің кәсіпорныңызбен ынтымақтастықты нығайтуға мүдделіміз әрі Сіздің компанияны Қазақстанның стратегиялық серіктесі деп санаймыз» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Ма Юншэн Мемлекет басшысына компанияның 2024 жылдың екінші жартысында зауыт құрылысын бастауға ниеттеніп отырғанын айтты. Сондай-ақ Атырау мұнай өңдеу зауытының базасында тағы бір стратегиялық жобаны жүзеге асыру – терефталь қышқылы мен полиэтилентерефталат өндірісі кешенін салу жоспарын жеткізді.

«Біз осы жобаның дамуына үлесімізді қосқымыз келеді. Бұл жобаға айрықша мән береміз» деді Ма Юншэн.

МУЛЬТИМОДАЛЬДЫ ОРТАЛЫҚТАР БОЙ КӨТЕРЕДІ

Мемлекет басшысының YTO Express Co., Ltd компаниясының басқарма төрағасы Юй Хуэйцзяомен кездесуінде электронды коммерция, көлік және логистика салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастық перспективалары талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде Alibaba, Wildberries, OZON және JD.com секілді ірі маркетплейстер жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Қазақстан 2030 жылға қарай электронды сауда үлесін жалпы сауда-саттық нарығының 20 пайызына дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

Әңгімелесу барысында Президентке Қытайдың тез жеткізуге маманданған ең ірі логистикалық операторларының бірі біздің нарыққа келіп, Орталық Азиядағы бас кеңсесін Қазақстанда ашуды көздеп отырғаны жөнінде мәлімет берілді. Бұл уағдаластық «Қазпошта» акционерлік қоғамы мен YTO Express Group арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою аясында бекітіледі.

«Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында Сіздің компанияңызбен өзара тиімді ынтымақтастық орнату үшін зор мүмкіндігіміз бар. Бүгінде электронды коммерция – экономиканың ең жылдам дамып келе жатқан салаларының бірі. Әлемдік ЖІӨ-нің шамамен 7 триллион доллар қаржысы осы саладан құралады. Қазақстан электронды коммерцияны дамытуға айрықша мән береді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Юй Хуэйцзяо Мемлекет басшысына компанияның Қазақстандағы негізгі жобасы туралы баяндады. Атап айтқанда, кәсіпорын еліміздің бірқатар өңірінде «А» санатына жататын жоғарытехнологиялық мультимодальды орталықтар салуды жоспарлап отыр. Мұндай инфрақұрылым тауарды жедел өңдеп, оны Еуропа Одағы, Еуразиялық экономикалық одақ және Орталық Азия елдеріне шығаруға көмектеседі.

200 МИЛЛИОН ДОЛЛАР ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЯДЫ

CRRC Corporation Limited компаниясының басқарма төрағасы әрі атқарушы директоры Сунь Юнцаймен кездесу барысында машина жасау және теміржол транспорты салаларындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Бір белдеу, бір жол» форумы аясында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы мен CRRC арасында құны 1,3 миллиард доллар болатын ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылатыны жайында баяндалды. Аталған құжат бойынша 200 маневрлік және магистральдық тепловоздар сатып алу, сондай-ақ Қазақстанда инжиниринг және сервистік қызмет көрсету орталықтарын ашу қарастырылған.

Президент еліміздің озық технологияларды қолдану және теміржол техникасына қызмет көрсету орталықтарын ашу арқылы локомотивтер өндірісінің жергілікті үлесін арттыруға мүдделі екенін атап өтті. Осы орайда Мемлекет басшысы Қазақстанның негізгі көлік-логистикалық хаб екенін айтып, сол арқылы CRRC компаниясының Еуразия кеңістігі мен Еуропа нарықтарына шыға алатынын жеткізді. Бұл ретте Мемлекет басшысы компанияның осы мақсаттарға 200 миллион доллар инвестиция құю ниетін құптады.

«20 жыл бойы Сіздің корпорацияңыз елімізбен табысты ынтымақтастықта жұмыс істегені қуантады. Осы жылдар ішінде Қазақстан компаниядан 300-ге жуық жолаушылар вагоны мен локомотивтерді, сондай-ақ 6 мың жүк вагонын сатып алды. Қазақстанда компанияның өнімдері сапалы екенін көрсетті. Біздің серіктестігімізді жаңа деңгейге көтеруге барлық мүмкіндік бар екеніне сенімдімін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

CRRC Corporation Limited корпорациясы әлемдегі теміржол транспортының ең ірі өндірушісі саналады және әлемдік локомотив өндірісі нарығының шамамен 50 пайызы Қытай компаниясына тиесілі.



ТАУАР АЙНАЛЫМЫ 40 МЛРД ДОЛЛАРҒА ӨСЕДІ

Қазақстан Президенті Бейжіңге ресми сапары аясында Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзимен кездесу өткізді. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев ғасырлар бойғы достық пен өзара қолдаудың берік арқауына сүйене отырып, Қазақстан мен Қытай мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік рухында тұрақты нығайып келе жатқан үлгілі мемлекетаралық ынтымақтастықтың негізін қалағанын атап өтті.

«Екі ел арасында белсенді әрі сенімді саяси диалог орнаған. Үкіметтер мен парламенттер деңгейінде жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Былтыр елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың жаңа «алтын 30 жылдығына» қадам бастық. Бүгін Төраға Си Цзиньпинмен және Мемлекеттік кеңестің Премьері Ли Цянмен жан-жақты келіссөздер жүргізу барысында өзара тиімді ынтымақтастықты күшейтуге ниетті екенімізді растадық. Қазіргі таңда Қытайды Қазақстанның ең басты сауда серіктестерінің және біздің экономикамыздың ірі инвесторларының бірі деуге болады. Біз елдеріміз арасындағы тауар айналымын алдағы уақытта 40 миллиард долларға дейін жеткізуді көздеп отырмыз. Жалпы Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен тауар айналымының жартысы Қазақстанға тиесілі» деді Президент.

Өз кезегінде Чжао Лэцзи Қасым-Жомарт Тоқаевқа ілтипат білдіре отырып, қазақ-қытай қатынастарының қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстан Президентінің сапары барысында Қытай тарапымен табысты келіссөздер жүргізілді. Сонымен қатар Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік одан әрі бекиді, өзара тиімді ынтымақтастық дамиды және екіжақты қатынастар жаңа деңгейге көтеріледі деп сенім білдірді.

№124 (4557) 19/10/2023 Бейсенбі

3 ЖЫЛДА – 3 МЫҢ ПӘТЕР

Алдағы үш жылда бас қаладағы апатты үйлердің тұрғындары үшін 2,5 мыңнан 3 мыңға дейін пәтер салу жоспарланып отыр. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Баспана мәселесі – тұрғындарымыздың басты проблемасының бірі. Бұл қиындықты шешу үшін әлеуметтік тұрғын үй саламыз, апатты жағдайдағы ескі тұрғын үйлерден көшіреміз, құрылысы ұзаққа созылған тұрғын үй кешендерінің құрылысын аяқтаймыз және тағы басқа іс-шараларды атқарамыз. Апатты жағдайдағы тозығы жеткен үйлерден 330-ға жуық отбасы жаңа тұрғын үй кешеніне қоныс аударды. Олар – апатты күйдегі 18 үйдің тұрғындары. Жыл соңына дейін тағы екі апатты үйдің тұрғындарын көшіруді жоспарлап отырмыз. Апатты үйлердің тұрғындары үшін алдағы үш жылда 2,5 мыңнан 3 мыңға дейін пәтер салуды жоспарлап отырмыз» деп жазды Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.

РУХАНИ КЕЛІСІМ – ТАТУЛЫҚ НЕГІЗІ

Кеше Астанада 18 қазан – Рухани келісім күні және 25 қазан – Республика күніне орай «Рухани келісім – қазіргі қоғамдағы бейбітшілік пен бірліктің негізі» тақырыбында халықаралық конференция өтті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Астана қаласының әкімдігі, «Н.Назарбаевтың конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту орталығы» КЕ АҚ, сондай-ақ, Астана қаласының Діндерді зерттеу орталығы ұйымдастырған бұл шараға Астана қаласы мәслихатының торағасы Ерлан Каналимов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Рухани келісім күні идеясының авторы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Төлеген Мұхамеджанов және діни бірлестіктердің басшылары, сондай-ақ, АҚШ, Ливан, Үндістан, Швейцария, Германия, Ресей және Қырғызстан елдерінен келген қонақтар қатысты.

– Қазақстанда діни сенім бостандығына кепілдік берілген. Бұл туралы Ата заңымызда, сондай-ақ, діни қызмет және бірлестік туралы заңнамада нақты айқындалған. Елімізде түрлі ұлт пен дін өкілдерінің құқығы тең қаралып, рухани тұрғыдан қатар дамуына мүмкіндік берілді. Соның негізінде елімізде 18 конфессияның доктринасы қалыптасып, қоғамда орнықты. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы дінмен ұштасқан. Салиқалы өмір сүру, ұрпақты дұрыс тәрбиелеу, келер ұрпаққа үлгі-өнеге көрсету дін мен дәстүріміздің өзара сабақтасқан ерекшелігі деп айтуға болады. Рухани келісім, ұлттар мен дәстүрлі діндер арасындағы бірлік – біздің баға жетпес байлығымыз, тұрақтылық тұғырымыз. Елдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші халықтардың татулығын тұғыр етіп, дами түседі. Өзгеріске толы әрі белгісіздік белең алған қазіргі таңда бүгінгі басқосудың мән-маңызы айрықша, – деді Ерлан Каналимов.

«Татулық, береке, бірлік ұйыған елге бақ қонады» деп сөз бастаған қала әкімінің орынбасары Есет Байкен қазақ қашанда бірлікті ту еткен халық екенін айрықша атап өтті.

«Майқы бидің «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген нақыл сөзі қанша ғасыр өтсе де өз құнын жойған жоқ. Халқымыз үшін береке-бірліктің маңызы қашанда зор. Сол себепті елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыстың бейбітшілікте қатар өмір сүруі мен дінаралық келісімнің әдемі көрінісін бүкіл әлемге танытып келеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халқымыздың ынтымақ, бірлігі бұл тағдырдың бере салған сыйы емес, бұл, ең алдымен, жұртымыздың күнделікті табанды еңбегінің арқасы екенін дұрыс түсінуіміз керек. Сондықтан біз бірлігімізді күн сайын нығайтып отыруымыз қажет, яғни татулық пен келісім халқымыздың өмір салтына айналуы тиіс» деп айтқан болатын. Демек, біз үшін татулықтан өткен берік тұғыр жоқ» деді әкім орынбасары.

Еске сала кетейік, 1992 жылы 18 қазанда Алматыда Бірінші дүниежүзілік рухани келісім конгресі өтті. Адамзат тарихында тұңғыш рет барлық діндердің, бітімгершілік қозғалыстар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері, руханият пен адам өмірінің мәселелеріне алаңдайтын белгілі ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері бір үстел басына жиналды. Осы жиналысқа қатысушылар 18 қазанды Рухани келісім күні – қақтығыстар мен қақтығыстарға мораторий күні, адамдар арасында өзара түсіністік орнату күні, мейірімділік пен көршісіне көмек күні деп жариялады. Содан бері Қазақстанда жыл сайын 18 қазан – Рухани келісім күні, әлеуметтік маңызы бар күн. Ал конференция соңы салтанатты концертке ұласты.

ҚАЛА КІТАПХАНАЛАРЫНА ҚОЛДАУ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, жөндеу жұмысы 18 кітапхананың төртеуінде басталды. Бұл – орталық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы, №3, №4 балалар кітапханасы мен заңып және нашар көретін азаматтарға арналған мамандандырылған кітапханалар.

– Кітапханаларда жұмыс кеңістігі айтарлықтай өзгереді. Олар коворкингке, тыныш және балалар аймақтарына бөлінеді. Сонымен қатар компьютерлік зертханалар пайда болады. Ал ыңғайлы болу үшін бұл аймақтар заманауи жиһаздармен жабдықталады. Кітапханаларда жоғары жылдамдықты интернетке, электрондық базаларға қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету мен жабдықтары бар компьютерлер сатып алу жоспарлануда. 4 кітапхананы жаңғырту биыл аяқталады, – дейді мәслихат төрағасы.

Оның сөзінше, елорда тұрғындарының өтініші бойынша қаланың шағын аудандарында жаңа заманауи кітапханаларды ашу үшін 4 ғимаратты елорда әкімдігінің орталықтандырылған кітапхана жүйесі балансына беру мәселесі пысықталуда.

Президент Әкімшілігімен және қалалық мәслихат депутаттарының келісімімен Талғат Рахманберді Астана қаласы Байқоңыр ауданының әкімі қызметіне тағайындалды.

АУДАН ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Еңбек жолын 2004 жылы «Жамбыл облысының студенттер мен жастар одағы» жастар қоғамдық бірлестігінен бастады. Әр жылдары «Астана қаласының студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтарының штабы» қоғамдық бірлестігін басқарып, ҚР Бас прокуратура институты қылмыстық процестің және жедел-іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалау бойынша біліктілікті арттыру бөлімінде аға прокурор, Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы, т. б. қызметтерді атқарды.

2016 жылдың сәуірінен 2019 жылғы наурызға дейін Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары, 2019 жылғы сәуірден бастап Астана қаласы әкімінің аппараты басшысының орынбасары болып жұмыс істеді.

Соңғы жылдары Астана қаласының Қоғамдық даму басқармасын, Астана қаласының Ішкі саясат басқармасын басқарып, қала әкімінің кеңесшісі болып жұмыс істеді.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында аудан мен елді мекендерді дамыту бойынша бірқатар міндет жүктеді.

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ» ҚОСЫМША КӨМЕК ҚАЖЕТ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары елордадағы жедел медициналық жәрдем қосалқы стансаларын аралап, олардың жағдайымен танысты. Соның ішінде бес қосалқы стансаға барып, қызметкерлермен әңгімелесті, автопарктің жай-күйін білді.

«Біздің қала қарқынды дамып келеді және қазіргі таңда мектептер мен ауруханаларға қоса жедел медициналық жәрдем стансаларын салуды да аса қажет етеді. Бүгінгі таңда көптеген нысан күрделі жөндеуді немесе жеке тұрған ғимараттарды талап етеді. Мысалы, Байқоңыр ауданында орналасқан А.Жұбанов көшесі, 10А мекенжайындағы жедел жәрдем қосалқы стансасы» деді қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов.

Оның айтуынша, бірқатар нысан көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің 1-қабатында орналасқан. Ал бұл жағдай, ең алдымен, тұрғындардың тоқтаусыз шағымына, арнайы көлік жүргізушілерінің демалуына арналған бөлмелердің болмауына әкеліп соғып жатыр.

– Әр ауданда үлкен жедел жәрдем стансаларын ашу қажет. Қосалқы стансаның жалғыз үлгілік ғимараты Есіл ауданында орналасқан, қалған үш қосалқы станса Сарыарқа, Алматы, Байқоңыр аудандарының бейімделген ғимараттарында орын тепкен. Бригадалардың барлық 10 пункті жалға берілетін үй-жайларда орналасқан. Жеке мәселе – жедел жәрдем көлігінің жетіспеуі. Өткен жылы олар лизингке алынды, бірақ халықтың көбеюіне байланысты қазір жеткіліксіз. Бүгінде халыққа жедел медициналық көмек көрсету үшін 90 орташа тәуліктік бригада бар, олардың орташа тәуліктік жүктемесі 18 шақыруды құрайды. Осы және басқа да мәселелерді біз жақын арада қарастырамыз және әкімдікпен бірлесіп әзірленген алдағы 3 жылға арналған «Елордамызда денсаулық сақтауды дамытудың кешенді жоспары» шеңберінде шешетін боламыз. Осы жоспар аясында Ы.Дүкенұлы көшесіндегі жедел жәрдем стансасын күрделі жөндеуге қаражат бөлінді, – деді Ерлан Каналимов.



ЖІГЕРЛІ ЖАСТАРҒА ЖОЛ АШАДЫ

«Президенттік жастар кадр резерві» жобасы күннен-күнге қазақстандықтардың назарын аударуда. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы аясында «Президенттік жастар кадрлық резерві» жобасы іске қосылатынын естігенде бірден қызығушылық таныттым. Атауының өзі ерекше болды және елдегі саяси реформалар аясында түбегейлі өзгерістер қажет екенін түсіндім. Жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, мемлекеттің үлкен тұжырымдамалық идеяларын іске асырудың бір бөлігі екеніне көз жеткізіп, осы тұрғыдан шешім қабылдадым.

Жоба бірнеше іріктеу кезеңінен тұрды:

Бірінші кезең – барлық қажетті құжаттарды тапсыру;

Екінші кезең – үміткердің күрделі мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін анықтауға бағытталған тестілеуден (мәтіндік және сандық) өту;

Үшінші кезең – тестілеудің верификациясынан өту. Мәтіндік және сандық тесттерден өттік, тек сұрақтар саны азайды (2-кезеңде 50 сұрақ болса, 3-кезеңде 30-ға кеміді);

Төртінші кезең – көшбасшылық қасиеттерді, жазбаша және талдамалық сауаттылықты, мотивация деңгейін, үміткердің ой-өрісін бағалау. Мұнда біз ұсынған жобаларымыздың маңызын қорғадық. Сонымен қатар, берілген тақырып бойынша эссе жаздық;

Бесінші кезең – еліміздің жетекші сарапшылары офлайн форматта бойымыздағы қасиеттерімізді, құзыреттіліктерімізді бағалады. Бұл кезеңге дейін барлық алдыңғы кезеңдер арнайы әзірленген платформа – pkrezerv.gov.kz арқылы цифрлық форматта өткенін атап өткен жөн. Бұл көптеген қатысушы үшін өте ыңғайлы болды.

Өзім Шымкент қаласында тұрдым. Ал бесінші кезеңге өткенде Астана қаласына ұшып келуге тура келді. Маған процестің өзі ұнады. Біздің қабілетімізді кәсіби сарапшылар бағалады. Осы кезеңнен өту кезінде көптеген қыз-жігіттермен таныстым, жақсы қарым-қатынас орнаттық. Сол кезде жобаның керемет нетворкинг екенін, яғни қарым-қатынас жасауға мол мүмкіндік беретінін толық түсіндім.

Мен 6 жасымнан бастап шахматпен айналысамын. Анам мықты шахматшы болғанымды қалайды. Ол – осы интеллектуалды ойынның үлкен жанкүйері. Ата-анамның көрсеткен қолдауының және қажырлы мақсатты жұмысының арқасында тарихта тәуелсіз Қазақстандағы алғашқы халықаралық гроссмейстер атандым. Қазір біздің шахматшылар халықаралық аренада үлкен жетістіктерге жетіп жүр, бұл жас ұрпақты шахмат ойынына қатты қызықтырады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі шахматтың дамуына ерекше көңіл бөлетінін атап өткім келеді. Негізгі стратегиялық міндет – адами капиталды нығайту және зияткерлік ұлтты қалыптастыру. Иә, Қазақстан соңғы уақытта ірі халықаралық жарыстардың әлемдік алаңына айналуда. 2022 жылдың қыркүйегінде біз ФИДЕ әйелдер гран-при сериясының бірінші кезеңін өткіздік. Сонымен қатар, өткен жылдың желтоқсан айында ерлер мен әйелдер арасында рапид пен блицтен әлем чемпионаты өтті, онда 50-ден астам елден әлемнің үздік шахматшылары жиналды. Өздеріңіз білетіндей, 7 сәуірден 1 мамырға дейін классикалық шахматтан әлем чемпионаты өтті, онда Ян Непомнящий (Ресей) және Дин Лижэнь (Қытай) «XVII әлем чемпионы» атағына таласты. Қазақстан жерінде шахматтан 17-әлем чемпионы анықталды, ол қытайлық Дин Лижэнь болды. Бұл – тарихи оқиға. Шахмат жылдан-жылға елімізде танымал спорт түріне айналуда. Балалар мен ересектер арасындағы әлем және Азия чемпионаттарында жоғары нәтижелерге қол жеткізген қазақстандық шахматшылардың жетістігін ерекше атап өткім келеді. Олардың жетістігі өскелең ұрпақты зияткерлік спорт түрлерімен айналысуға шабыттандыратынына сенімдімін. Халықаралық деңгейдегі іс-шараларды өткізу елімізде шахматты танымал етуге қажет. Өйткені ол талантты жастарды ашық іріктеудің маңызды құралы болуға, кейіннен олардың әлеуетін елдің дамуы үшін пайдалануға тиіс. Менің ойымша, бұл жоба – мемлекеттік қызметтің кадрлық құрылымында сапалы өзгерістер жүзеге асырылатын ең тиімді HR құралдарының бірі. Әлемнің көптеген дамыған елінде, мысалы Сингапурда мемлекеттік қызметшілердің мәртебесін көтеру маңызды. Олар елдегі ең жоғары жалақы алатын және сұранысқа ие маман болуы керек. Осылайша, кадр саясатында жаңа парадигма жүргізу: мемлекеттік қызметшілер санын қысқарту және сапалы құрамға назар аудару. Мемлекеттік қызметшілердің

қуатты серпін беретінін, сондай-ақ ұлтаралық мәдениеттерді, дәстүрлер мен құндылықтарды дамытуға және нығайтуға елеулі үлес қосатыны анық. Халықаралық беделді іс-шараларды өткізу сыртқы саясаттағы спорттық интеграциялық процестердің дамуына елеулі үлес қосады. Қазақстан әлемдегі зияткерлік елге айналуда. Әрине, шахматшы ретінде мен әрқашан осы спорт түрін танымал етуге көмектесемін, шахмат жан-жақты дамыған тұлғаны дамытудың тамаша құралы деп санаймын. Шахмат көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелейді, логикалық және сыни ойлауды, стратегиялық ойлау қабілетін дамытады, үлкен мақсаттар мен міндеттер қоюды баланың бойына сіңіреді.

Белгілі бір салада үлкен тәжірибесі бар резервшілерге жоғары позициялар ұсынылатынын түсіну керек. Барлығына саяси лауазымдар ұсынылады деп айту мүмкін емес. Және бұл дұрыс тәсіл. Бұл жобаға стратегиялық тұрғыдан қарау керек, адамның кәсіби құзыреттілігін біртіндеп тәрбиелеу, тәжірибе жинақтау, практикалық дағдыларды тігінен ғана емес, көлденеңінен де дамыту қажет. Әрине, резервтің тиімділігін белгілі бір позицияда бағалау маңызды. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі стрегиялық HR ретінде жалпы «Президенттік жастар кадрлық резерві» жобасын дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеуі кәсіби қасиеттерін арттыру мақсатында үнемі оқытып отыру, soft және hard skills-ті дамыту. Бұл жұмыс бүгінгі саяси шындықтар, цифрлық технологиялардың дамуы, жаһандану және елдің ішкі, сыртқы саясатындағы интеграциялық процестер аясында жүйелі негізде құрылуы тиіс.

Өзім туралы айтатын болсам, қазір ҚР Президенті Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінде жұмыс істеймін. «Президенттік жастар кадрлық резерві» аясында жұмысқа орналастым. Ең жоғары мемлекеттік органның қызметкері ретінде, әрине, әлеуметтік салада, атап айтқанда, мәдениет, спорт және жастар саясаты саласында жаһандық стратегиялық маңызды міндеттерді қалыптастыруда зор тәжірибе жинақтап жүрмін. Президент Әкімшілігіне дейін 2 жыл Шымкент қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары болып қызмет еттім. Онда техникалық және кәсіптік білім беру, білім беру саласындағы цифрландыру мәселелеріне, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға жетекшілік еттім. Жергілікті атқарушы органдағы жұмысым мен үшін үлкен тәжірибе болды. Мен жобаның барлық артықшылығын пайдаланған резервшімін және оның басты идеясы талантты жастар үшін «әлеуметтік лифт» екеніне көз жеткіздім.

Енді «Президенттік жастар кадрлық резерві» жобасын дамыту туралы көзқарасымен бөлісейін. Әрбір жоба уақытша мән-жайлар ағымында, практикалық кейстерді, жұртшылықтың ұсыныстарын, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өңірлік өкілдіктерін және т. б. ескере отырып, жетілдіріледі. Осылайша, олар әртүрлі саладағы мықты мамандарды таңдайды. Бірақ мемлекеттік тілді білмеу кейбір үміткерлерге мемлекеттік қызметтегі көптеген лауазымнан бас тартуға себеп болды. Осылайша, «Президенттік жастар кадрлық резерві» 2.0 келесі жобасында үміткердің қазақ тілін орта деңгейде білетінін анықтайтын В1 деңгейінен төмен емес ҚАЗТЕСТ сертификатының болуы деген жаңа талап пайда болды. Менің ойымша, бұл – өте дұрыс шешім. Ең бастысы, республика бойынша ең сұранысқа ие топ-менеджердің картасын жасау қажет деп санаймын. Онда біз жоғары білікті мамандарға қатысты кадр тапшылығын көреміз. Мысалы, білім беру, мәдениет және спорт саласында сапалы кадрлардың тапшылығы байқалады. Яғни қызметтің барлық саласында кадрларға сапалы және сандық қажеттілік картасын жасау керек. Бүгінгі таңда басты назар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамытуға, елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын сақтауға, Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталғанына назар аудара отырып, әлеуметтік-экономикалық салаларға үміткерлерді іріктеуді бастау орынды деп санаймын.

Жақында Назарбаев университетінің базасында өткен бір кездесуде Шигео Катсумырзаның (ол кезде университет ректоры болған) Қазақстан дарынды балаларға бай екенін, тек олардың әлеуетін ашу керегін айтқан сөзін естідім. Әрине, әлеуетті ашу үшін осы салаға үлкен инвестиция қажет. Бізде қанша ауыл жастары бар, олар өңірлерде тұрады және кәсіби тұрғыдан дамуға мүмкіндігі жоқ. PISA зерттеуінің нәтижесі бойынша қалалық және ауылдық оқушылар арасындағы білім сапасындағы алшақтық 1,5 жылды құрайды. Ауыл жастарына сапалы білімге қолжетімділік жағынан тең емес екенін растайды. Бірақ мен бір нәрсені білемін: егер сіз оларға даму үшін барлық қажетті ресурсты берсеңіз, онда біздің елде талантты жастардың жаңа галактикасы, біздің елімізге қазір өте қажет жоғары білікті мамандар пулы өседі деп болжауға болады. Аталған зерттеудегі ұстанымммен келісемін және қазақтардың генетикалық коды ақылды және оқуға құштар екеніне сенімдімін.

Менің айтарым, жобаның күші – бірлікте. Бұл ынтымақтастық, байланыс және бір-бірімізге өзара қолдау көрсету деп сипаттауға болады. Барлық балалар – өте білімді, өз саласының мықты мамандары. Арамызда министрлер, вице-министрлер, әкімдердің орынбасарлары, орталық мемлекеттік органдар аппараттарының басшылары, Парламент Мәжілісінің депутаттары, облыстық және қалалық мәслихаттардың депутаттары, қоғам қайраткерлері және тағы басқалар бар екенін мақтан тұтамыз. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ақпаратына сәйкес, бүгінгі таңда 350 резервшінің 252-сі «Президенттік жастар кадрлық резерві» шеңберінде жұмысқа, оның ішінде 21-і саяси лауазымдарға орналасты, бұл – жобаның тиімділігін растайтын көрсеткіш. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі адами капиталды дамытуға, оның ішінде нақты институттар құру арқылы жастардың әлеуетін дамытуға ерекше назар аударады. Солардың бірі – «Президенттік жастар кадрлық резерві». Бұл жобаға тілекші адамдардың көбейетініне өте ризамын, өйткені құрбы-құрдастарыңмен бірге дамуға ұмтылу, бір трендте болу әрқашан қызық. Сонымен қатар, көптеген кездесуді резервшілердің өздері ұйымдастырады, көптеген ұсыныс-идея бірлескен күш-жігермен жүзеге асады. Күшімізді біріктіргенде көп нәтижеге жететінімізге тағы да көзім жетті. Шығармашылық ойлау, эрудиция, жаңа идеяларға ашық болу, тіпті «Президенттік жастар кадрлық резерві» жобасының мүшесі болудың өзі бізді біріктірді. Менің ойымша, еліміздің жаңа саяси элита өсіп келеді. Осы элитаның өкілдері «Қазақстанның игілігі үшін» деп аталатын бір командада жұмыс істейтініне бек сенімдімін.

Гүлісхан НАХБАЕВА,
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің қызметкері

Жанарбек ӘШІМЖАН,
Мәжіліс депутаты:

МӘСЕЛЕ ШЕШЕТІН ҚҰЗЫРЕТ КЕРЕК

– Жақында өңірлердегі сайлаушылармен кездесу кезінде мектептердегі орын жетіспеушілігі, соның нәтижесінде үш ауысымды оқу жүйесінің қалыптасуына қатысты көптеген сұрақ болды. Осындай қордаланған мәселелерді шешу мақсатында Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ауқымды жобасы басталды. Осы жобаның негізінде шалғай ауылдар мен қалаларда 400-ге жуық білім ошағы бой көтереді. Одан бөлек, 300 аурухана салынады. Бұл жобаның қаржылық операторы – «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры. Яғни қаржыны солар бөледі. Дегенмен сол бөлінген қаржының жергілікті жерде шашауын шығармай, мақсатты жұмсалуын мәслихат, әкімдік құқық қорғау орындарымен бірлесе қадағалауы керек деп ойлаймын. Сол кезде кейінгі уақытта көп айтылып жүрген құрылыс саласындағы жемқорлықтың алдын аламыз. Бұл да Президенттің «Әділетті Қазақстан» ұстанымына сай әрекет болады.

Екіншіден, ауыл-аймақтарды аралау кезінде жиі кездескен сұрақтың бірі – қалалардың іргесіндегі саяжайларға орналасқан халықтың дұрыс қоныстану мәселесі. Бір ғана мысал ретінде Алматы қаласы іргесіндегі Талғар, Қарасай, Іле аудандарының аумағында орналасқан саяжайлардағы халықтың жағдайын айтуға болады. Мәселен, аталған Іле ауданындағы саяжайларда 60 мыңға жуық халық тұрады. Олардың әлеуметтік-коммуникациялық сұрақтарын шешу кезек күттірмес мәселенің қатарында тұр. Қазіргі таңда Үкімет тарапынан біршама жұмыс атқарылып жатыр. Осы орайда Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында Amanat партиясының «Ауыл аманаты» жобасының негізінде шалғайдағы ауыл-аймақты дамыту мәселесін баса айтты.

Президенттің осы жылғы Жолдауында айтылып, қатаң сынға ұшыраған мәселе – жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылықтың көбейіп кеткені. Мемлекет басшысы қылмыстың осы түрімен жан-жақты күресуді күшейтуді тапсырды. Осы тақырыпқа қатысты Мәжіліс отырысында Amanat партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев Үкіметке депутаттық сауал жолдады. Ол жерде, Президент тапсырмасына сәйкес, аталған қылмыс түріне қарастырылған қолданыстағы жазаларды барынша қатаңдату үшін заң жобасын әзірлеу сұралды. Мемлекет басшысының тапсыруымен аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құзыретін ендіру де саяси реформалардың негізгі тетіктері деп айтуға болады. Президент реформасының негізгі бағытының бірі – жергілікті бюджеттерді аудан әкімдерінің өздері басқаруына беру мәселесі. Бұл туралы Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы Жолдауында нақты тапсырма берді. Меніңше, бұл – өте қажет, барынша қолдауға тұрарлық бастама. Себебі өзіміз өңірлерге барғанда көріп жүрміз, дардай аудан әкімі деген лауазымы бар. Алайда қолында аудандағы кейбір әлеуметтік мәселелерді шешетін құзыреті жоқ. Өйткені ол азаматтарға қолында бар бюджетті басқару, жұмыс істету мүмкіндігі берілмеген.

№124 (4557) 19/10/2023 Бейсенбі

РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШЫ

32 ЖЫЛ КҮТКЕН АЛТЫН

Расында, Ризабек Айтмұхан – Қазақстан тарихында еркін күрестен әлем чемпионы атанған бірінші балуан. Бұған дейін қазақ балуандары бәсекелі доданың финалына шыққанмен, биікті бағындырар жолды таппаған еді. 32 жыл күткен алтынды 19 жастағы Ризабек әкелді. Біз балуанға құтты болсын айтып хабарластық.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

– Рақмет! Жеңіс деген сөз айтуға оңай болғанмен, іс жүзінде тіпті олай емес. Бұл – төккен тер мен табандылықтың нәтижесі. Әрбір жеңіс – алдағы жарыстарға сенім беретін мотивация, – дейді Ризабек.

«Балуан болар баланың етекжеңі кең келер, қошқар болар қозының маңдай жағы дөң келер» демей ме?! Ризабектің көзіндегі отты жыл басында байқаған едік. Ақпан айының басында Алматы қаласында өткен Қазақстан VI жазғы спартакиадасының байрағы көтеріліп, елдің әр өңірінен мықты балуандар жиналған-ды. Сол сында бойшаң, ашаң жүзді, денесінде артық еті жоқ, атан жілік, апайтөс жігіттің өнерін көріп, «келешек чемпион – осы» деп ой түйдік.

Күрестің заңы қатал. Егер белсенділік танытып, алға ұмтылып, ашық айқаста ерік-жігер мен табандылық танытпаса, жеңіске жету қиын. Міне, дәл осындай мәнердегі күресті көбіне иран балуандарынан байқаймыз. Еркін күресте Дағыстан балуандарының орны бөлек. Қазір авар балуандары әлем елдерінің ту астында өнер көрсетіп, күрестегі бәсекені тіпті күшейтіп жіберді. Бір мысал, биыл Азия чемпионаты мен Азия ойындарын ұтқан Ахмед Тажудинов – Бахрейн атынан шығып жүрген дағыстандық. Осы Ахмед Белградта өткен әлем чемпионатында атағынан ат үркитін Кайл Снайдер мен Абдулрашид Садулаевты айқын басымдықпен ұтып, айды аспанға бір шығарды. Түрлі деңгейдегі турнирлерде физикалық дайындығы мықты америка және шыдамдылығы күшті жапон мықтылары ерекшеленіп жүргені белгілі. Бұған талай әлем және Олимпиада чемпионы шыққан Түркия, Үндістан, Әзербайжан, Армения мен Грузияның үздіктерін қосыңыз. Бұл бәсекеде даралану – қиынның қиыны. Болмаса осы уақытқа дейін елімізде бір әлем чемпионы шығатын еді ғой! Өз-өзімізді солай алдап қоямыз.

Жоқ! Ризабектің спартакиададағы күресін көргеннен кейін ертелі-кеш «чемпион болады» деп топшыладық. Сеніміміз алдамады.

Астанада өткен Азия чемпионатының финалына дейін қарсыластарын бір деммен ұтып, тек финалда жапон Араш Йошидаға жол берді. Одан кейін Қырғызстанның Бішкегінде 23 жасқа дейінгі Азия чемпионатында топ жарса, жарыстың дәл осы категориясы бойынша Иорданияның Амман қаласындағы әлем чемпионатында күміс медаль еншіледі. 16-24 қыркүйекте әлемнің мықты балуандары Сербия астанасы – Белградқа жиналды. 92 келі салмақта Ризабектің жолын кесіп, бағын байлап жүрген Еуропа чемпионы Фейзулла Актюрк, Азия чемпионы Араш Йошида турнирге сақадай сай дайындалып келген-ді.

Әлем чемпионатының алғашқы айналымында Ризабек Айтмұхан венгриялық Балаш Жухашпен кездесіп, 13:3 есебімен айқын ұтты. Бұған дейін халықаралық турнирлерде түрік Фейзулла Актюркке бірнеше рет есе жіберген еді. Онымен ширек финалда жолы түйісті. Біз қалай болар екен деп демімізді ішке тартып, кездесуді бақыладық. Бірақ біздің балуан қарсыласының ойын оқып, жасамақ тәсілінің алдын алып, 11:0 есебімен ұтты. Жартылай финалда Грузия өкілі Мириани Майсурадзе кездесті. Мириани де оңай шағылатын жаңғақ емес. Оның әлем және Еуропа чемпионатының жүлдегері деген атағы бар. Бойшаң екі балуанның айқасы тартысты өрбіп, 6 минуттық белдесуде 1:8 есебі тіркеліп, Ризабектің қолы төбеге көтерілді.

Көптен күткен финал! Ризабектің қарсыласы – әзербайжандық Осман Нурмагомедов. Тегі – дағыстандық. 2021, 2022 жылы әлем чемпионатының финалында ұтылған әзербайжан балуаны тек алтын медаль үшін келгені анық. Чемпион болуға ұмтылған екі балуан кілемнің бел ортасында тіресіп, бар күш-қайратын салды. Алғашқы бір ұпайды Осман Нурмагомедов алып, бірінші айналымда басымдық танытты. Екінші айналым басталысымен Осман тағы бір ұпай алып, басымдығын 0:2-ге жеткізді. 5 минут 30 секунд зырғып өтіп, белдесудің аяқталуына 30 секунд қалды. Ризабек қарсыласын кілемнен итеріп шығарып, алғашқы ұпайына қол жеткізді. Соңғы екі секунд қалғанда тағы нәтижелі әдіс жасап, жеңісті тартып алды. Міне, көптен күткен сәтке осылай куә болдық.

ТӨККЕН ТЕР ТЕККЕ КЕТПЕЙДІ

Әр ата-ана өз баласына сыншы ғой. Қанат Жолдасбай – елдегі білікті бапкердің бірі. Ол баласының бойындағы қабілет-қасиетін байқап, 10 жасқа толғанда спортқа баулып, күреске қызығушылығын арттырады. Келе-келе қызығушылық кәсіби дағдыға айналып, таңертеңгі бой сергіту жаттығулары дағдыға айналады.

– Жеңісті жолда үнемі қасымнан табылатын әкеме, күрестің қыр-сырын меңгеруде жетекшілік ететін жеке бапкерлерім Еркебұлан және Роллан Кешубаевқа, үнемі қамқор болып, ақыл-кеңесін беретін Қазақстан ұлттық құрамасының аға бапкерлері Беласар Пернебек пен Самат Жақыпов, бас бапкер Мадияр Құрамысов ағайларыма алғыс білдіремін, – деді чемпион.

Техниканы жетік меңгеріп, тактикалық, психологиялық тұрғыда мықты болу жеңіске жетуде аздық етеді. Жүрегінде жігер, көкірегінде намыс оты болмаса, спортшының құны не?! Ризабекті көптен ерекшелейтін қасиеті осы: намысшыл, рухты, өр мінезді!

– Ризабек өте еңбекқор, өз-өзіне жоғары талап қояды. Бір істі қолға алса, соңына дейін жеткізбей қоймайды. Алға ұмтылып, мақсат қоя біледі. Ол күреспен айналыса бастаған кезден тәртіппен жүреді. Әлі де солай. Тек тәртіппен жүреді. Таңертең сағат 6:30-да тұрып, жаттығады. Кешкі 22:00-де ұйықтайды. Бос жүріс, бос қыдырыс деген жоқ. Бәрі сағаттай тәртіп. Осы тәртіп пен еңбектің арқасында әлем чемпионы атанды, – дейді әкесі Қанат Жолдасбай.

Біз Ризабектен қарсыластары және алдағы жоспары туралы сұрадық.

– Бойы аласа балуандармен белдесу ыңғайсыздау. Бірақ қарсыластың осал тұсын табу үшін шеберлікпен орындайтын тәсілдерге жүгініп, жеңуге тырысамыз. Түркияның балуаны Фейзулла Актюрк, Жапонияның мықтысы Араш Йошида – сондай қолайсыз қарсыластар.

Бапкерлерімнің ақыл-кеңесімен 97 келіге ауысу жоспарда бар. Бірақ қашан, қай жарыста жаңа салмақта күресетінім белгісіз. Қазір алдымызға 3 жоспар қойдық. Біріншісі – Қазақстан чемпионатында топ жару, екіншісі – Олимпиадаға лицензия алу, соңғысы – Париж Олимпиадасында елдің байрағын аспандату, – деп алдағы жоспарымен бөлісті кейіпкеріміз.

P.S: ***«Болайын деп тұрған баланың бетін қақпа, белін бу» деген аталы сөз бар. Әлем чемпионы атанған Ризабек Айтмұханды рухани тұрғыда ғана емес, материалдық тұрғыда қамтамасыз етіп, алаңсыз күреспен айналысуына жағдай қалыптастыру міндеті тұр. Кім біледі, Бекзат Саттарханов сынды 20 жасында Олимп шыңын бағындыратын шығар...***

ОТАН ҚОРҒАУ – ЕР ЖІГІТТІҢ ІСІ

Мемлекет басшысының «Армия – мемлекеттігіміздің мызғымас тірегі, тәуелсіздігіміздің кепілі. Мемлекет туған жері үшін аянбай еңбек етіп, әскери қызметке бүкіл ғұмырын арнаған отансүйгіш перзенттерін жан-жақты қолдауға айрықша мән береді. Біздің міндетіміз – жаңа геосаяси ахуалға сай еліміздің қорғаныс қабілетін одан әрі нығайта түсу» деп айтқаны елімізде әскер саласына айрықша мән беріліп отырғанын айғақтайды.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Кеше Астанада «Отан қорғау – нағыз ерлердің ісі» әскери-патриоттық акциясы ұйымдастырылып, күзгі әскерге шақыру науқаны аясында елордалық 40 азамат салтанатты жағдайда Қазақстан Қарулы күштерінің қатарына аттанды.

Астана қаласының әкімдігі мен Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті бірлесіп, әскери-патриоттық тәрбие беру және Қарулы күштердің мәртебесін арттыру мақсатында өткізген іс-шараға қаланың білім беру мекемелерінің 1200-ден аса оқушысы, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері, әскерге шақырылушылар мен олардың ата-анасы, Ақмола өңірлік гарнизонының әскери қызметшілері, Қарулы күштер мен Ауғанстан соғысына қатысушы ардагерлер қатысты.

Салтанатты іс-шара барысында Қорғаныс министрінің орынбасары Сұлтан Камалетдинов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, «Қарулы күштердің ардагерлері» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Марат Нағұманов әскерге аттанып бара жатқан жастарға абыройлы қызмет атқаруына тілектестік білдірді.

Әскери-патриоттық іс-шараның барысында бүгінгі таңда әскер қатарында жүрген сарбаздар жас шақырылушыларға арнаған аманаты айтылса, болашақ жауынгерлер өз кезегінде Отан алдындағы әскери қызметін адал атқаруға серт берді.

– Мен үшін әскерге бару – абырой. Отан алдындағы борышымды адал атқаруға, әскери өмірдің қандай да болса қиындығына төзуге дайынмын. Ата-анамның сенімін ақтаймын деп ойлаймын, – дейді әскерге шақырылушы Санжар Мақсұтов.

Отан алдындағы әскери борышты өтеу абыройлы міндет екенін бүгінгі таңда мерзімді әскери міндетін өтеп жүрген Еркін Исақов та айтады. Ол әскерде жүріп-ақ жоғары әскери оқуға түсіп отыр. Осы іс-шара барысында 25 сарбазға әскери қызметін аяқтағаннан кейін әскери институтта оқуға сертификат табыс етілді.

«Мен қазір мерзімді әскери міндетімді өтеп жүрмін, жақын арада қызметімді аяқтаймын. Бірақ мен осында жүріп келешегімді Қарулы күштерге арнауды ойластырдым. Ол үшін әскерде жүріп-ақ алдын ала емтихандарды тапсырдым, нәтижесінде жоғары әскери оқу орнында оқуға мүмкіндік алдым. Алматы қаласындағы Құрлық әскерлерінің әскери институтында оқуға сертификат алдым. Осындай мүмкіндік мемлекеттің көмегімен жүзеге асып отыр. Өте қуаныштымын» дейді Е.Исақов көңілі көтеріліп.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауында су мәселесіне тоқталып, судың жетіспеуі ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналғанын айрықша атап өтті.

ЕЛІМІЗДЕГІ ТҰЩЫ СУДЫҢ ҚОРЫ 539 МЛРД ТЕКШЕ МЕТРДІ ҚҰРАЙДЫ. МҰНЫҢ 101 МЛРД ТЕКШЕ МЕТРІ ӨЗЕНДЕРГЕ ТИЕСІЛІ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰЩЫ СУДЫҢ 45 ПАЙЫЗЫН БАСҚА ЕЛДЕРДЕН КЕЛЕТІН ӨЗЕНДЕР ҚҰРАЙДЫ

ТАПШЫЛЫҚ ПЕН ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ ҚОС БҮЙІРДЕН ҚЫСЫП ТҰР

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

– Ел экономикасын тұрақты дамытуға су тапшылығы қатты кедергі болып отыр. Қазір бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Сырттан келетін су азайып барады. Сол судың өзін тиімсіз пайдалану жағдайды одан әрі ушықтыруда. Судың 40 пайызы құмға сіңіп жатыр. Бұл салада басқа да түйткілдер аз емес. Атап айтқанда, инфрақұрылым әбден тозған. Сондай-ақ автоматтандыру және цифрландыру деңгейі төмен. Ғылыми негіздеме жоқ, мамандар тапшы. Бұл мәселелерді шешу үшін Үкімет жанындағы Су кеңесінің жұмысын жандандыру қажет, білімді сарапшыларды жұмысқа тарту керек. Қажетті мамандарды даярлау үшін бұл саладағы іргелі әрі мықты жоғары оқу орнын анықтаған жөн. Су саласын дамытудың үш жылдық жобасын әзірлеу керек, – деді Мемлекет басшысы өз Жолдауында.

Сондай-ақ 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін екенін еске салған Президент «Біз трансшекаралық су көздеріне тәуелді елміз. Еуразия құрлығындағы өзендер мен каналдар – баршамызға ортақ табиғат байлығы. Осы су көздері біздің халықтарымызды, экономикамызды жақындастырады. Сондықтан көршілес әрі достас елдермен бұл мәселе бойынша әрдайым өзара түсіністікке және келісімге келу керек. Жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізу, трансшекаралық суларды пайдалану мәселелерін шешу – Үкіметтің алдында тұрған аса маңызды міндеттер» деп атап өтті.

СУДЫҢ КӨБІ СЫРТТАН КЕЛЕДІ

Қазақстан – жері кең, жан саны аз мемлекет болғанмен, су байлығы тапшы елдің бірі. Деректерге сүйенсек, еліміздегі тұщы судың қоры 539 млрд текше метрді құрайды. Мұның 101 млрд текше метрі өзендерге тиесілі. Ал ол өзендердің 19 пайызы Қытайдан келсе, қалғаны Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдеріне тиесілі. Былайша айтқанда, Қазақстандағы тұщы судың 45 пайызын басқа елдерден келетін өзендер құрайды. Бұл – бүкіл суымыздың тең жартысына жуығы шетелден келеді деген сөз. Оның үстіне соңғы кездері Қытай елі Ертісті бұрып, Ілені бөгеп алғалы елдегі су мәселесі де ұлғая түсті.

Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей елдері де әр жылы суды қысып беріп, төменгі ағарда отырған біздің елдің диқандары ұдайы зиян тартып келе жатқаны да жасырын емес. Демек, «су тапшылығының артуы – Орталық Азия мемлекеттеріне ортақ мәселе. Суды үнемдеп пайдалану энергетика немесе көлік саласы сияқты аймақтағы ынтымақтастықтың тағы бір жаңа бағытына айналмақ» деп Мемлекет басшысы айтқандай, су мәселесі қазіргі уақыттың өзінде өзекті тақырып болып отыр. Бұған еліміздің бас қаласы – Астананы сумен қамтамасыз етудің де жылдан-жылға қиындап бара жатқанын қоссақ, су мәселесі еліміздегі ұлттық қауіпсіздікке саятын ең негізгі мәселе екені айқындала түседі.

ҮНЕМДЕМЕСЕК – ҰТЫЛАМЫЗ

Орталық Азия – әлемдегі су тапшылығын тартып отырған аймақтың бірі. Соған қарамастан, Орталық Азия елдері суды ысырап ету жағынан әлемнің алдыңғы орнында тұр.

БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) мәліметі бойынша Орталық Азия елдерінде жан басына шаққанда жылдық су қоры жеткілікті. Яғни мәселе судың жетіспеушілігінде емес, су ресурстарын ұтымды пайдаланбау, суды бейберекет ысырап етумен қатысты болып отыр.

ФАО есебіне сәйкес, Орталық Азия елдері суды сарп қылу жағынан (жан басына шаққанда) әлемдегі алғашқы ондыққа кіреді: Түрікменстан – жылына 5319 текше метр, Қазақстан – жылына 2345 текше метр, Өзбекстан – жылына 2295 текше метр, Қырғызстан – жылына 1989 текше метр, Тәжікстан 1895 текше метр су сарп қылады екен. Оның үстіне Орталық Азия елдерінде әр гектар жерге істететін су мөлшері де дамыған елдерден 2,5-3 есе артық.

Жақында Қытай зерттеушілері Орталық Азия елдерінің ауыл шаруашылығында су және жер ресурстарын қаншалықты тиімді пайдаланатынына зерттеу жүргізіп көрді. Зерттеушілер Орталық Азия елдері суды жұмсауға келгенде ысырапшыл, бейберекет, өте көп жұмсайды деген қорытынды жасаған. Зерттеуге қарағанда, Тәжікстан балапан (көшет) өсіру үшін 61 есе көп су жұмсайды, ал Түрікменстан мақта өсіру үшін 42 есе артық су құртады. Орталық Азия елдерінің бидай өсіру үшін суды ысырап ететіні – бөлек әңгіме.

«Орталық Азия елдері су ресурстарының 90 пайызын суды көп қажет ететін дәнді дақылдарды суаруға пайдаланады. Бұл экожүйенің деградациясына әкеп соқтырады, жергілікті су қауіпсіздігі мен биоалуантүрлілікке қатер төндіреді. Орталық Азия елдерінің ауылшаруашылық жерлері Қытай аумағының 57 пайызына, ал халқы Қытай халқының небәрі 5 пайызына тең» деген дәйекті алға тартқан Қытай зерттеушілері Қытаймен салыстырғанда Орталық Азия елдерінің астық түсімі де өте төмен, Орталық Азия елдері су ресурстарының жартысын ысырап қылып отыр деген қорытынды шығарған.

БАР СУЫМЫЗ ДА САРҚЫЛЫП БАРАДЫ

Қазақстанның су ресурстары өңірлер бойынша әркелкі орналасқан. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысында су мол болса, Маңғыстауда су тапшы. Оның үстіне ел территориясының үштен екісін шөл және шөлейтті аймақтар құрайды. Өкініштісі, бетіне соры шыққан құмдауыт жерлердің көлемі жыл өткен сайын ұлғаюда. Оның басты себебі, біріншіден, табиғи фактор болса (ғаламдық жылыну), екіншіден, адам факторынан су қайнары суалып, құнарлы жер көлемі барған сайын кемуде. Мәселен, Атырау облысы Жылыой ауданындағы Жем өзені жойылып кетудің алдында тұр. Кезінде арнасынан асып жатқан өзен суы соңғы 3 жылда тартылып қалған. Елімізде Жем сияқты тартылып кеткен өзендер аз емес, әрине.

Кейбір деректерде «Қазақстан аумағында ірілі-ұсақты 85 мың өзен бар, олардың ішінде 7 өзеннің (Ертіс, Тобыл, Есіл, Жайық, Сырдария, Іле, Шу) ұзындығы 1000 км-ден асады, еліміздегі үлкенді-кішілі көлдердің саны да 40 мыңнан асады» деген мәлімет бар. Осыдан 4 жыл бұрын Үкімет мүшелері «бүгінде ауданы бір шаршы километрден асатын 2328 көл бар, сондай-ақ 2552 өзен жайлы ақпарат бар» деген мәлімет таратқан еді. Одан бері де бұл көлдердің қаншауының суы азайып, қанша өзен тартылып қалды? Бұл жөнінде нақты ақпарат жоқ. Мейлі, қалай айтсақ та, еліміздің қай өңірінде болсын су тапшылығы мәселесі барған сайын күрделеніп, судың тартылып бара жатқаны шындық. Бұл жайт соңғы кездері Арқа алқабында да айқындала түсті.

> Елорда да суы тапшы қалалардың бірі екенін естен шығармауымыз керек. Биыл көктемде «Астана су арнасы» кәсіпорны шаһар тұрғындарына «Суды үнемдеу керек, ауызсу тапшы!» деп дабыл қаққан еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 11 шілде күні Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте бас шаһардағы су тапшылығы мәселесіне тоқталды

Қазақстан мен Ресей ғалымдарының дәлелдеуінше, Арқа төсіндегі өзен-көлдердің тартылуы өткен ғасырдағы тың игеру мезгілінен бастау алады. 1954-1960 жылдар аралығында жүргізілген науқан кезінде Кеңес Одағы бойынша жалпы 41,8 млн га жер жыртылса, соның 25,5 млн гектары қазақ жері болды. Тусырап жатқан сары далада бұлайша ауқымды жер ашу аумақта экологиялық тепе-теңдікті бұзып, жердің су қабаты төмендеп, топырақтың ылғалдығы азайды. Бейберекет жер жырту көптеген бұлақ көзінің бітеліп, өзендердің тартылуына мұрындық болды. Осының әсерінен көгілдір көлдер кебірге айналды. Арқа төсіндегі тіршілік нәрінің тартылуы осылай басталды.

Ертеректе жазылған кейбір әдеби кітаптарда Көкше өңіріндегі көлдердің бір-бірімен жалғасып, тұтасып, бірінің суы біріне құйылып жатқаны айтылады. Бірақ қазір мұндай экологиялық байланыс мүлдем үзіліп, әрбір көл жетім суға айналған. Ол да жаңбыр мен қардың азаюы, бұлақ көздерінің бітелуі сияқты себептерден жыл сайын тартылып тарады. Дер кезінде ескеріліп, қорғау жұмысы жедел жүргізілмесе, бұл көлдердің суалуы тұтас Арқа төсіне алапат апат әкелуі әбден мүмкін.

ҰТЫМДЫ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстанда су үнемдеуге және судан өнімді пайдалануға ден қоятын мезгіл келді. Ол үшін шетелден келетін өзендердің жоғарғы ағысын азайтпау үшін Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей елдерімен тең тұрғыдан өнімді келіссөздер жүргізудің мәні зор. Өйткені Ертіс, Іле, Сырдария сияқты өзендердің ағысы азайса, оның дертін ертеңгі ұрпақ тартады. Оның үстіне іргеңе салған су қоймасының елдің қауіпсіздігіне де қатер екенін Өзбекстанның Сардоба су қоймасының ағытылып кеткені анық аңғартты. Демек, шекаралық өзендердің бойына салынған бөгеулер су тапшылығына ғана емес, халықтың бас амандығына да қатысты іс болғандықтан, бұл мәселеге әсте жеңіл-желпі қарауға болмайды.

Суармалы жерлердің көлемін арттыру және осы заманғы су үнемдеу техникасынан өнімді пайдалану еліміздің ауыл шаруашылығын дамытудағы жаңа мүмкіндік екені белгілі. Суармалы алқаптың молаюы, егін шаруашылығымен қатар, мал шаруашылығының дамуына да тың серпін береді. Егіннің түсімі артса, бидай, нан бағасының жыл сайын қымбаттауын тежейді. Сондықтан ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында Қазақстанда өзен суларын өнімді пайдаланып, су қоймаларын салып, су үнемдеу техникаларын жаппай қолданысқа енгізу керек. Бұл ретте құмды-шөлді жерді жасыл алқапқа айналдырған Израиль елінің тамшылатып суару техникасын енгізудің тиімділігі орасан. Сондай-ақ Қытаймен Ертіс, Іле төңірегінде келіссөз өткізумен бірге олардың да су үнемдеу, егіс алқаптарын суармалы атызға айналдыру барысын, әдісін зерттеген дұрыс. Ірі қалаларда лас суларды тазартып, қайта пайдалану мәселесіне де осы бастан кіріскен абзал. Құдықты беталды әрі таяз қазып, өсімдік суын сарқып пайдалану да жердің су қабатын төмендете беретінін ерте ескерген жөн. Өйткені судың да сұрауы бар. XXI ғасырдың ең құнды тауары – су. Ал сусыз тіршілік тұл.

Елорда да суы тапшы қалалардың бірі екенін естен шығармауымыз керек. Биыл көктемде «Астана су арнасы» кәсіпорны шаһар тұрғындарына «Суды үнемдеу керек, ауызсу тапшы!» деп дабыл қаққан еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 11 шілде күні Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте бас шаһардағы су тапшылығы мәселесіне тоқталып, «Қазір елорда Астана су қоймасына толық тәуелді болып отыр. Су алатын басқа жер жоқ. Бұл өте қауіпті. Кез келген сәтте оқыс оқиға болса, бүкіл қалаға қауіп төнуі мүмкін. Тұрғындар саны көбейіп, жаңа нысандар пайдалануға беріліп жатыр. Сондықтан су қоймасының қуаты алдағы бір-екі жылда сарқылып бітетіні анық» деп баса айтқан болатын. Демек, бас қаланы сумен қамтамасыз етудің жаңа әрі тың жолдарын қазірден бастап қарастырмаса, елорданың елі де ерте ме, кеш пе, судан тарығады. Сондықтан тұрғындардың су үнемдеу мәдениетін жоғарылатумен қатар, су бағасын қымбаттату жағын да ойласқан дұрыс. Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, қаланың бір тұрғыны жылына 20 мың литр суды ысырап қылады екен. Енді есептей беріңіз, бір миллионнан астам тұрғыны бар бас қалада жылына қанша су ысырап болады?! Ойланатын мәселе. Сондықтан бүкіл ел халқына су үнемдеу жөніндегі үгіт-насихатты да осы бастан күшейткен абзал. Өйткені су тамшыдан құралады.

№124 (4557) 19/10/2023 Бейсенбі

ҰРАНДЫ ЕРДІҢ ҰРПАҒЫ

Кемел аға Тоқаев кіндік қаны тамған Қаратал ауданына екі-үш жылда бір келіп тұрушы еді. Келгенде есімі елге сондайлық мәшһүр жазушы бола тұра бетегеден биік, жусаннан аласа қалпынан бір өзгермейтін. Кішіпейіл, сабырлы да салмақты.

1985 жылдың күзінде аудан басшылары ағамызды жиын-терін аяқталуына орай өткізілетін үлкен жиынға арнайы шақыртқан еді, соның өзінде, қасында бірге жүрген досы, өзі секілді майдангер, облыстық ішкі істер басқармасының бастығы, генерал Әбдіқадыр Болсамбековпен бірге алдымен аудандық ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен кездесті. Аудандық газет тілшісі ретінде біз де сол арадан табылған едік. Ресми таныстырудан кейін жерлес жазушымызға сөз берілді. Қапсағай денелі, сұңғақ бойлы, жылы жүзді ағамыз қою шашын салалай серпіп, шағын зал төрінің сол жақ қанатындағы кішкене мінберге көтерілгенде қалыптағыдан да тұлғаланып кеткендей сезілді. «Қабырғалы қара нар, қабырғасын сөксе бақ етпес» деп дәл ағамыздай қайсар да қайратты жандарға айтса керек. Ол бір елдікке тән көп дүниелердің ашық көтеріле бермес кезеңі еді ғой, соған қарамастан ата-бабалар аруағына адалдық, өткен күннің ащы сабағын ұмытпау, адал күн кешіп, жастар тәрбиесіне барынша жете мән беру секілді көкейкесті мәселелерге отырғандар назарын айрықша аударды. «Қаншама тауқымет тартса да, «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деген ұстанымынан айнымаған жұртпыз, үкілі үмітіміз арылмасын, ниетіміз тарылмасын! Қоғам түзелуі үшін – ниет түзелуі шарт. Байлық пен мансаптан да қымбат ар мен ұят деген қастерлі өткелектер бар! Адамгершілігі жоғары жан ғана адал еңбек емеді, мәңдай терімен кісілік патшалығына енеді. Тәңірдің сыйы алғы күндер еншісінде!» деп сөзін аяқтады да, сұрақтарың бар ма дегендей, отырғандарға зер сала көз жүгіртті. Қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтардың дені әдеттегідей өмір жолы, ата-ана, отбасы, алғы жоспарларына тән жайттарды қамтыды. Соңында жазушы шығармаларындағы оқиғалардың бәрі дерлік Жетісу жерінде өрбитіні – Қаратал, Сарғабан, Кәлпе, Бестөбе, Быжы, Тентек, Ақешкі, Айнабұлақ сынды жер-су атауларын ұшыратқан оқырмандардың сюжет сүрлеуіне құмарта түсетіні, қайсыбір кейіпкерлер мен оқиға желілерінің таныс-бейтаныстығы турасында қойылған сауалдарға да егжей-тегжейлі жауап берді.

Қандай бір қаламгер болмасын алдымен жасынан естіп, білген, көріп-түйген, жадына ұялаған жиған-тергенін шығармаға өзек етерін, әсіресе, оқиғалы детектив жанрында ақиқат ауылынан ауытқымай, бұлтартпас деректер арқылы көркем кестелеудің мән-маңызы зор екенін дәйектей алға тартты. Осы кездесудің алдында Ескелді, Балпық, Жолбарыс бабалардың басына барып тәу еткендегі жүрегінің бұл жолы бөлекше толқып, көңілін сан сауалдың қаумалап алғанын жеткізгенде аялы жанарына нәркес көз жасы іркілген еді... Кім біледі, асылдың сынығы, әулиенің ұрпағы ғой, атажұртына бұл өзінің соңғы сапары екенін сезген де болар! Қайткенмен де, ұранды ердің ұрпағы дәл осы сәт мұнартқан сағымға оранып тұрғандай бейнеде көз алдымызда қала берді...

Тектіліктің тұқым қуалары хақ. Кемел ағамыз – Алаш арысы, атақты әулие, батыр бабамыз Жолбарыс Жылқайдарұлының тікелей ұрпағы. Қазақ баласы «Жолбарыс бата бермей жолың болмас» деп ұлықтаған жарқын тұлғамыз! Халқымыздың басына қара бұлт үйірілген жоңғар шапқыншылығы тұсында сындарлы сардар, асқан ақылман, көзсіз батылдығымен көпті соңынан ерткен баһадүріміз! Ханмен де, қарамен де тіл табысып, бірлікті ұйытқан ақберенімізі! Елінің бүтіндігі жолында басын бәйгеге тіккен елшіміз! Қазақ елшілік тобын Қытайға бастап өткен Алтын Емелдегі жолының бүгінге дейін жұрт жадында «Жолбарыс асуы» деп жаңғырып тұруының түпкі мәні де осында! Көршілес Қытайға бітімгерлікпен екі мәрте сапарлаған тұста келер замана көшінің бір иірімінде кіндігінен тараған бірегей бір ұрпақтың сол елдің елшілігінде қызмет етерін әулие бабамыз көріпкелдікпен парықтай да білген шығар-ау!

«Солдат соғысқа кетті» романындағы басты кейіпкер Мұхамед Жолбарысұлы – автордың өзі. Сол Жолбарысұлы өзінің досы Мейірмановқа былайша сыр ашпай ма: «Саған түсінікті болуы үшін әңгімені өзімнің туған жерімнен бастайын. Атамыздың ата мекені Қаратал өзенінің бойы болды. Қыс түсе қалың ауыл маңыраған көп малымен бірге қалың құмның ішіне, көп шағылдардың арасындағы Үшөзек қыстауларына көшіп, көктемге қарай өзенге ойысады екен. Қаратал бойы кең жазық, көк шалғын, малға да, жанға да жайлы, құтты мекен». Бұл енді қан майданда отандастарымен бірге от кешіп жүрген жауынгер-автордың атажұртына деген сартап сағынышының бір белгісі еді. Ендеше, біз де жауынгер Жолбарысұлының рухымен бүгіннің дидарында тілдесе отырып, сол құтты мекеніңіз бәз-баяғы қалпында! Он сегіз әулие мәңгілік тұрақ тапқан қасиетті өңірдің жұрты өзіңіз армандаған тәуелсіз ел байтағында бауыры малға, қамбасы дәнге тола береке мен бірліктің шырағын жарқырата жағып отыр дегіміз келеді!

Жарты әлемге әйгілі «Соңғы соққы» романының бір бөлімі «Жолбарыс асуы» деп аталады. Автор: «Олар Жолбарыс асуына баратын тау соқпағына сәрсенбінің кешінде жетті. Сол түні аялдамай адам ізі түспеген қиыршық тастақпен биік жоталарды бөктерлей жүріп отырып күн шыға бандалардың мекенжайының дәл желке тұсынан шықты. Жолбарыс асуының етегі айналасы бір-екі шақырымдай құрақты көк шалғын екен. Көгалды кесіп ағып жатқан бұлақ суы күн нұрымен күмістей құбыла жалтырайды. Тау бөктері сазды, салқын. Өзен бойына қарағай мен қайың арасына кенеп шатыр тігілген» деп суреттемес бұрын әз бабасының ізі қалып, есімі қадірленген бәденді жерді аяқ астынан алтын көмбе тапқандай арсаңдай әрлі-берлі адымдап жүрген де шығар! Жүрді де!

Есін білгеннен тапшылықтың табасында қуырылып, тынысы тарылып өскен Кемел ағаны мына бес күн дүниенің қызығынан гөрі шыжығы, бәрінен де адамшылықтың тұнығы тебіренткені баршаға түсінікті болса керек-ті. Жанын мазалаған сан сауалға тек әділдік жолымен ғана жауап табарын ерте сезінді. Саналы ғұмырын да, Тәңірдің сыйы – жалаулы жазушылығын да осы аңсарлы әлемге арнады. Түбінде ақиқаттың туы желбірер шытырман детектив жанрына түрен салуының сырын да осы көмбеден іздер едік. Мінсіз социалистік қоғамның тұрлаусыз табиғатын, қылмыстық келбетін барынша ашып көрсетті. Сол үшін қызметінен де шеттетілді! Қызыл империя қылышынан қан тамып тұрған шақта: «Қазақ тілі мемлекеттік тіліміз екені баршаға аян. Біздің ұлттық асыл қазынамыз – қазақ тілінің кіршіксіз таза болуына, шұбарланбауына атсалысуымыз керек. Сондықтан қазақ сөздерін әлдекімдердің көңіл күйіне қарап өзгерте беруге болмайды» деп шегелей айтуының да түп төркіні осында (Кемел Тоқаев. «Қазақ әдебиеті» газеті, 14 желтоқсан, 1968 ж.). Осылайша жігері оттай лаулаған өзі де, салмақты шығармалары да ұлттық рухты оятты, отансүйгіштік, патриотизм сәулесін себеледі!

Қазақ детектив жанрын әлемдік деңгейге көтеріп, тыңнан түрен салған қаламгердің ойда піскен шығарманы ширатуы, оқиғаның алтын арқауын солғындатпастан түйінді асудан асырудағы асқан шеберлігі – үлкен тәлім мектебі. Бұл арада республикалық «Пионер», «Лениншіл жас» және «Социалистік Қазақстан» секілді беделді басылымдарда журналистік тұрғыда бойға сіңірген деректерді жинап, сұрыптау, тиімді түрде ойната бере білу ауанындағы түзген қазынасының да жоталана көрініс беретінін баса айтқан орынды. Оқиғалар тиісті құқық қорғау органдарынан алынғанмен, олардың ішкі сырына, адам психологиясы мен іс-әрекетінің мың-сан құпиясына терең үңілудің машақаты бір адамға жетерлік. Соның бәрін көгендей меңгерген жанның ғана бәйге төрден көрінеріне ден қойсақ, қаламгер кітаптарын оқыған сайын ішкі жауһарларының түрлене көздің жауын алардай басты сыры ашылып сала береді.

Жол білген қашанда керуенге жалтақтамаса керек, жанкештілікпен детектив жанрының негізін қалады, оның атасы, дарабозы атанды. Сұрапыл соғыста жаужүректігімен дараланған Кемел аға осылайша бейбіт күннің де шырайын кіргізді, көркем әдебиет кеңістігінде де найзағай ойнатты! Тілі келісті, оқиғасы желісті, нәрі мен әрі жұптасқан көркем туындылары да абыройдың асқақ шыңына көтерді.

Шығарма желісін тонның ішкі бауындай өрбітіп, образдың табиғи қалпын сақтау, шалт әрекет, тосын ізденістерге бару, бірсарынды баяндаулардан арылу арқасында өмірдегі шынайылық келбетін көркем әдіптеді. Жазушы кітаптарын сан қайтара басып шығаруға өтініш білдірген оқырмандарды былай қойғанда, өзі ғұмыр көшінде аралас-құралас жүрген Шериаздан Елеукенов, Мүсілім Базарбаев, Қасым Қайсенов, Серік Қирабаев, Әзілхан Нұршайықов, Әкім Тарази, Сайын Мұратбеков, Қалмұқан Исабаев, Дмитрий Снегин сынды қаламгер-әдебиетшілер Кемел Тоқаевтың айдынды азаматтығы мен байтақ шығармашылығын жоғары бағалауы – сөзіміздің айғағы! Атақты қаламгер Владислав Владимиров болса, таңдана да тамсана отырып, Кемел Тоқаев кейіпкерлерінің әйгілі Василий Быков, Георгий Брянцев, Юлиан Семенов сомдаған образдардан бір мысқал да кемдігі жоғын айтып қуанды.

Әміре ӘРІН,
халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері

ШЫМКЕНТТЕ ҚАЛАМГЕР КӨШЕСІ БАР

2001 жыл. Түртінектеп жүріп, Шымкентте Пушкин көшесі, 10-үйде қазақтың жампоз жазушысы Жүсіпбек Аймауытұлы тұрғанын анықтадым. Бардым. Көрдім. 1920 жылдардың межесінен қарағанда еңселі екі бөлмелі үй болған. Қаусап тұр. Екі бөлменің бірінде жазушының өзі тұрған, екіншісі – педтехникум... Онда бала оқытқан. Бала оқыта жүріп, «Психология» оқулығын жазған, методикалық кітабын жазған. Қазақта болмаған, сол кезге дейін жоқ еңбекті жасаған жайсаң жазушы. «Ақбілек» романы да осы тар үйде туған. Үй қаусап тұр. Құланды арасынан әрең дегенде сыналап өтіп, аралап шықтым. Жүрегім езіліп, жаным жүдеп шықты құланды арасынан... «Қайран арысым-ай» деймін қапаланып. Жалдамалы пәтеріме келе «Жүсіпбек Аймауытов тұрған, «Ақбілек» туған үй еді...» аталатын көлдей мақала жазып жарияладым («Оңтүстік Қазақстан» газеті, 17 ақпан, 2001 ж.). Қызмет орнына келе өңір басшысы, қара жолдан қаражат шығаратын Бердібек Сапарбаевтың мазасын алдым. Жекешеленіп кетпесе екен деген күдікпен Бердібек Сапарбаев жалма-жан Жекешелендіру комитетінің басшысына анықтау жөнінде нұсқау беріп салды. Мен облыстық архивте отырдым. Кейін анықталғандай, «Пушкин көшесі, 10-үйдің» бір емес, үш қырынан келіп сатып алған үш иесі бар болып шықты. Дегенде осы бір ілкі бастаманың негізінде Қазақстандағы тұңғыш саяси қуғын-сүргін музейін біз Бердібек Сапарбаев жетекшілігімен Шымкентте құрған едік.

...Әдеттегідей тағы да бір барып көргім келді де, Пушкин, 10-үйге табан тіредім. Қиялыңмен өткен ғасырдың 20-жылдарына заматта өтесің де кетесің. Аштық. Индустрияландыру. Репрессия... Еріксіз жаның құлазиды. Пушкин, 10 – Жүсіпбек тұрған үй, педтехникумның бұрынғы ресми атауы. Көшені кезіп жүріп, бүгінгі атының 90-жылдардан бері Тоқаев көшесі екенін анықтадым. Ұзын емес, жарты шақырымдай ғана. Есіме Кемел аға сап ете түсті. Жазушылар одағында бір бөлмеде балалар әдебиеті кеңесінің қызу талқылауларында бірге болатын, ағалық ақылын тыңдайтын Кемел аға Тоқаев Шымкенттің тумасы ма? Ойланып тұрып қалдым. Есіме Амантай Байтанаев ағайды алдым. Кемел аға екеуі Шымкенттің жетім балалар үйінде құлын-тайдай тебісіп бірге өскенін білемін. Жазушылар одағында бірге отырып, екеуінің Шымкентті қимастықпен еске алатыны бар еді. Еске алудың ішінде қарт педагог Мырзай Алтынбекованың аты аталушы еді. Қыршын талант Саттар Ерубаев ғашық болған. Алматы педагогика институтында Мәлік Ғабдуллинмен бірге оқыған. Бейсембай Кенжебайұлы, Есмағамбет Ысмайылов қолдап, кандидаттық диссертация қорғатқан. Барып әңгімелестім. Кемел мен Амантайға сабақ бергенін айтып, бір жасап қалды.

Екпіндей келіп, облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың есігінен ендім. Жүсіпбек тұрған үйдің де жағдайы кетіп қалғанын, тіпті ол құланды орналасқан Тоқаев көшесінің де алқам-салқам жағдайы жоқ екенін тәптіштеп айтып шықтым:

«Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейін кісі көп жүретін басқа бір оңтайлы жерден салайық. Ал мына Кемел Тоқаев көшесін жөндететін қаржы табыңыз. Жөндетейік. Кемекең Шымкенттегі жетім балалар үйінде оқыған. Сабақ берген ұстазына жолығып келдім. Жөндетейік те, Башбақан (сол кездегі Премьер-министр) Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты шақырайық. Былтыр Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың әділетті сөзі болмағанда, Түркістан тойы тойланбай қала жаздады емес пе? Әкесінің ұстазын шақырайық! Мырзай Алтынбекова. Әлі тірі. Сексеннен асқан кісі. Енді қанша жүреді дейсің?! Жаңарған, жөнделген Кемел Тоқаев көшесінің тұсаукесерін жасайық. Жұртқа үлгі болсын...».

Облыс әкімі Бердібек Сапарбаев – Қасым-Жомарт Тоқаевтың түйдей құрдасы. Әрі мемлекеттілдігін аса жоғары бағалайды. Азаматты құрмет тұтады (кейін қазақтан шыққан Сауд Арабиясындағы тұңғыш елші, білімпаз Нәзір Төреқұловтың кезекті мерейтойына конференция ұйымдастырғанда екеуінің тізе қосып, көп шаруа істегенін білемін). Жағымпаздық болмасын деді ме, әйтеуір, әкесі жайында сұрағыштады менен. Өзімнің де Кемел ағаға сый-құрметім бөлек мен ежіктеп түсіндірдім, білем. Бердібек Сапарбаев жанып түсті...

...Іске кірістік... Бірақ Қасым-Жомарт Тоқаев келіп, әкесінің атындағы көшенің тұсаукесеріне қатыса алмады. Уақыт таппады ма, басқалай себебі болды ма, келмеді. Сөйтіп қайта жаңғырған Кемел Тоқаев көшесінің тұсаукесері өтпеді. Солай болғаны дұрыс та сияқты...

Құлбек ЕРГӨБЕК,
жазушы-сыншы

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАР АРБАУЫНА ТҮСІП ҚАЛМА!

Ақпараттық технологиялардың дамуымен бірге интернет-алаяқтық та көбейді. Соның ішінде елордамызда киберқылмыстың саны артқан. Ал қылмыстың жаңа түрімен күрес қалай жүргізіліп жатыр? Интернет-алаяқтарының арбауына қалай түспеуге болады? Бұл жөнінде Астана қаласы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасы киберқылмысқа қарсы күрес бөлімі басшысы Олжас МАЙТКАНОВТАН сұрап білдік.

– Олжас Қуанышұлы, соңғы кезде киберқылмыстың көбейіп кеткені белгілі. Астана қаласы бойынша ахуал қандай?

– Бүгінде ұрлық, тонау және қарақшылық сияқты қылмыстар бірлескен күш-жігердің арқасында азайды. Алайда ақпараттық технологиялар қолданатын құқық бұзушылықтарға келетін болсақ, бұл қылмыс түрі жыл сайын өсіп отыр.

Ағымдағы жылы Астана аумағында ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалған 3700-ден астам қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді. Оның ішінде ашылғаны – 690. Ал азаматтарға келтірілген залал 2 млрд 600 млн теңгеден асады.

Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, алаяқтардың қолынан зардап шеккендердің бәрі бірдей құқық қорғау органдарына жүгінбейді. Тиісінше, нақты сандар айтылғандардан едәуір үлкен және статистика қандай екенін тек болжауға болады.

– Алаяқтардың құрығына көбіне кімдер түседі?

– Зиянкестер адам талғамайды. Бірақ осал болуы мүмкін адамдарға үйір болатыны белгілі. Себебі оларды алдап-арбап, оңай сендіруге болады.

– Елордада мұндай келеңсіздіктердің жолын кесу үшін қандай іс-шаралар істеліп жатыр?

– Елордалық полиция департаменті Астана қаласы әкімдігімен бірлесіп тұрақты негізде интернет-алаяқтықты азайтуға және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды жүргізуде.

Орта және жоғары білім беру мекемелерінде, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарда «Алаяқтардың айла-амалдарына қалай түспеуге және өз жинақтарын қалай сақтап қалуға болады?» тақырыбында дәрістер өткізіледі.

Азаматтар көп жиналатын орындарда еріктілер қозғалыстарымен бірлесіп ақпараттық-профилактикалық сипаттағы буклеттер таратылады, көшелерде трафареттерді пайдалана отырып ескерту жазбалары жазылады, СОО-да және қала базарларында интернет-алаяқтықтан сақтану туралы аудио және бейнероликтер жүргізіледі.

– Олжас Қуанышұлы, осы орайда алаяқтардың негізгі схемаларын атап өтсеңіз?

– Алдымен, банктердің қауіпсіздік қызметі немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің атынан жасалатын қоңырауларға мұқият болу керек. Әңгімелесу барысында зиянкестер банктік шоттарды пайдалана отырып, қоңырау шалған адамға несие рәсімделгені туралы хабарлауы мүмкін. Бұл жағдайда әңгімені үзіп, бұл туралы полицияға хабарлау қажет. Ешқандай қосымшаларды орнатудан сақтану керек, әсіресе құрылғыларды қашықтан басқаруға арналған қосымшылардан аулақ болған жөн (AnyDesk, RustDesk, TeamViewer және т.б.).

Екіншіден, әлеуметтік желілер мен интернет-платформаларда тауарлар мен қызметтерді сату. Әдетте, бұл автомобильдер, тұрмыстық техника, жиһаз, киімдер, аксессуарлар, тұтыну тауарлары, тамақ өнімдері және т.б. Зиянкестердің мақсаты – пайда табу. Олар кез келген жолмен ақша қаражатын алдын ала төлем ретінде аударуды сұрайды. Егер сіз өнімді өз көзіңізбен көрмесеңіз, мұндай сатып алулардан бас тартқан дұрыс, әйтпесе сіз өз жинағыңыздан қағылуыңыз мүмкін.

Үшіншіден, фишингтік сайттарды пайдалану – алаяқтықтың бұл түрі дербес деректер мен банктік мәліметтерді жинауға бағытталған. Мұндай сайттар нақты сайттардан айырмашылығы аз болады.

Мысалы, сіз сайттардың бірінде хабарландыру жарияладыңыз және сізге бұрын таныс емес адам хабарласып, жеткізу қызметін пайдалануды сұрайды. Содан кейін ол рәсімдеу үшін сілтемені жібереді. Сілтемені басу арқылы сіздің деректеріңізді, яғни атыжөніңізді, туған жылыңызды, банк картасының нөмірін, жарамдылық мерзімін және CVV кодын енгізу сұралады. Осы деректер толтырылғаннан кейін сіздің банк картаңыздан ақша қаражатын аударып алу басталады.

Сондай-ақ жаңа мүмкіндіктер мен технологиялардың келуімен криптовалюта қозғалысы белсенді дамып келеді. Мұны түсінетін көптеген адамдар жақсы табысқа ие. Бірақ бұл бағытта сауатсыздықты пайдаланып, алаяқтық жолмен ақша табатын жаман ниеттілер де бар.

Мысалы, әлеуметтік желілерде сіз акцияларды немесе криптовалюталарды сатып алу және сату арқылы ақша табу ұсынатын жарнаманы көрдіңіз және өз деректеріңізді қалдырыңыз. Сізбен, Ұлттық компанияның немесе брокерлерге қызмет көрсететін басқа ұйымның қызметкері ретінде зиянкестер хабарласады. Олар тиімді ұсыныстар туралы айтып, ақша салуға көндіреді, басында аз мөлшерде ақша салуын айтады. Бірнеше күннен кейін олар тапқан пайдасымен салынған ақшаны қайтарады. Осыдан кейін олар елеулі сомадағы ақшаны салуды сұрайды. Сенімге кірген соң, қомақты қаржыны қайтармай, алдап кетеді.

Сонымен қатар, алаяқтар телефон шалып, диалог барысында әңгімелесушілерге олардың туыстары оқиғаға тап болғаны жайлы айтуы мүмкін. Осыған байланысты, қылмыстық жауапкершіліктен босату үшін ақша қажет екенін және олардың қызметкері келіп ақшаны алып кететінін хабарлайды. Өз кезегінде олар әртүрлі интернет-платформаларда жеке еңбек қызметін жүзеге асыратын «дроперлерді» немесе курьерлерді жібереді. Ал олар берілген маршрут бойынша барып, зардап шеккендерден ақшаны алып, зиянкестердің банктік шоттарына аударады.

– Ал бұл дроперлер кімдер? Олар қылмыстық жауапкершілікке тартыла ма?

– Көбінесе «дроперлер» – жас азаматтар, студенттер, жұмыссыздар және оңай табыс іздейтіндер.

Біз осы белгісіз тұлғалардың банк карталарын пайдалана отырып, ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға байланысты қызметке қатысатын адамдардың қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын айтқымыз келеді.

Сұхбаттасқан
Салтанат ЖАҚЫПОВА

ASTANA HUB – IT САЛАСЫНЫҢ ЛОКОМОТИВІ

Президент жақында Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылға дейін 100 мыңға жуық білікті IT маманын дайындау міндетін қойды. Аталған тапсырманы елдегі цифрландыру жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жүзеге асыру керектігін атап, бірқатар тапсырма берді. Берілген тапсырма мен жүктелген міндетке орай жауапты министрлік тарапынан қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Осы жөнінде тілшіміз Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Ақпараттық технологиялар саласын дамыту департаментінің директоры Ерсұлтан ЕРМАНОВПЕН әңгімелесті.

Спикердің айтуынша, бүгінгі таңда осы саланы дамыту мақсатында ведомство тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр.

Бұл күнде министрлікке бағынысты «Astana Hub» IT-стартаптардың халықаралық технопаркі» корпоративтік қоры (бұдан әрі - технопарк) жұмыс істейді. Оның базасында IT-қызметтерді экспорттау үшін акселерациялық және инкубациялық бағдарламалар (Scalerator, Outsource Accelerator, Silkway Accelerator Google for Startups серіктестігімен, Hero Training Кремний алқабында (АҚШ), Инфрақұрылым, визалық қолдау және салықтық жеңілдіктер іске асырылады. Бүгінгі таңда технопарктің 1256 қатысушысы бар. Олардың өнімдерінің экспорты шамамен 197,7 млрд теңгені құрады. Сондай-ақ қатысушылар 198,6 млрд теңгеге қаржыландыру тартты. Бір сөзбен айтқанда, Astana Hub елдегі цифрлық технологияның даму орталығына айналып отыр, – деді министрлік өкілі.

Сонымен қатар, IT қызметтері мен өнімдерінің экспортын арттыру мақсатында технопарк базасында бірқатар бағдарламаны жүзеге асыру үшін қызу жұмыс жүргізілуде.

Мысалы, «Scalerator» атты технопарктің алғашқы акселерациялық бағдарламасы негізінде әлемдік деңгейдегі сарапшылар қазақстандық технологиялық компаниялар мен стартаптарға экспортқа шығуға және халықаралық серіктестер табуға көмектеседі, – деді Ерсұлтан Ерманов.

Сондай-ақ Astana Hub жақында Калифорниядағы Draper University-мен бірлесіп іске асырылып жатқан Кремний алқабында Hero Training акселерациялық бағдарламасының іске қосылуын жариялады. Спикердің айтуынша, бұл бағдарлама Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан сияқты түркі мемлекеттері ұйымының елдерінің стартаптар мен IT-компанияларға арналған.

Биыл облыс әкімдіктерімен бірлесіп, технопарктің үлгісі негізінде барлық қалада технологиялық хабты ашу бойынша жұмыстар жүргізілді. Қазіргі таңда Семей, Қызылорда, Талдықорған, Тараз, Өскемен, Орал, Түркістан, Ақтөбе, Көкшетау, Қостанай, Павлодар секілді 11 өңірде ашылған IT-хаб жұмыс істейді. Одан бөлек, Ақтау, Атырау, Шымкент қалаларында өңірлік IT-хабтарды ашу бойынша іс-шаралар белсенді түрде жүріп жатыр. Министрлік тарапынан өңірлерге қажетті ақпараттық хабарламалар мен білім беру бағдарламасы ұсынылған, – деді ол.

Сонымен қоса, Алматы қаласында IT-кластер құру бойынша жұмыс жүргізілуде. Қажетті инфрақұрылымы бар және тиісті экожүйе құрылған. IT-хабты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында құру ұсынылып отыр.

Еліміздің экожүйесін одан әрі дамыту мақсатында министрлік цифрлық технологиялар саласындағы озық технологиялар мен тәжірибеге қол жеткізу, жергілікті кадрлардың құзыретін арттыру, инвестициялар тарту және т.б. мақсатында халықаралық IT-компаниялармен ынтымақтастық жүргізуде. Мәселен, осы жылдың сәуір айында Microsoft компаниясының қазақстандық кеңсесі мультиөңірлік хабқа айналды. Оның қызметі Орталық Азия, Әзербайжан, Армения, Грузия, Моңғолия және Пәкістан елдерін қамтиды. Microsoft қызметін оқшаулау Қазақстанға өңірлік ауқымда технологиялар мен озық шешімдерді тарту орталығына айналуға мүмкіндік береді, – деді департамент директоры.

Министрлік өкілінің айтуынша, стартаптарды жаһандық нарықтарда ілгерілету мақсатында биыл қыркүйек айында Калифорния штатында (АҚШ) «Silkroad Innovation Hub» инновациялық хаб өкілдігінің бағдарламасы ресми түрде іске қосылды. Бағдарламаның мақсаты – Орталық Еуразиядан және Кремний алқабындағы (АҚШ) түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдерден технологиялық кәсіпкерлер мен стартаптарды қолдау және ілгерілету.

Кремний алқабындағы ұқсас хабтар тек ең дамыған елдерде әсіресе Скандинавия, Сингапур, Швейцария, Оңтүстік Корея мемлекеттерінде бар.

Орталық Еуразиядан келген стартаптар үшін бұл бағдарлама жыл бойы нетворкинг сессиялары мен білім беру іс-шараларына қатысуға, өз бизнесін масштабтауға, инвесторларды тартуға және хаб базасында нетворкингті дамытуға мүмкіндік береді. Бұл жоба Солтүстік Америка нарығындағы сатылымдардың өсуіне ықпал етеді. Қазіргі уақытта осы бағдарламаның серіктестері – Freedom Holding, Documentolog, Astana Hub, – деді ол.

Тағы бір айта кетерлігі, министрлік IT-мамандарды даярлау мақсатында қазіргі заманауи бағдарламалармен қамтылған мектептер ашу, бағдарламалау мектептеріне it ваучерлерін бөлу бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Министрліктің қолдауымен 2021 жылдан бері 36 IT-мектеп ашылды.

Талантты IT кадрларды даярлау мақсатында министрлік 2021 жылдан бастап «Techdda» бағдарламасын іске қосты. Осы бағдарламаның операторы «Astana Hub» болып табылады. 2021 жылы бұл бағдарлама пилоттық режимде іске қосылып, 100 қазақстандыққа 13 жетекші IT-мектепте оқуға квота берді. 2022 жылы бағдарламаға қатысушылар саны 49 IT-мектеп пен 2 IT-компанияны құрап, 3 068 білім беру гранты берілді. Биыл бағдарламаға қатысушылар саны 82 IT-мектепке жетті. Ал 2 971 білім беру гранты берілді, – деді басшы.

Биыл қаңтар айында министрліктің көмегімен елде спорттық бағдарламалау федерациясы құрылды. Оның басты мақсаты – спорттық бағдарламаларды насихаттау және одан әрі дамыту, оқыту, сондай-ақ жарыстар құру арқылы олимпиадаларға қатысушылардың нәтижелерін жақсарту.

Бүгінде Қазақстанда жасанды интеллектке негізделген жобалар түрлі салада белсенді түрде енгізілуде. Қазақ тілін тану және пайдалану бойынша бастамалар іске асырылды. Сондай-ақ ақылды қалалар контекстінде жобалар енгізілді. Медицинада, білім беруде, көлікте, қаржы саласында, өнеркәсіпте және бөлшек саудада жасанды интеллектті қолданудың сәтті мысалдары бар, – деді ол.

Академиялық зерттеулер саласында 24 университет пен ғылыми орталық әртүрлі деңгейдегі жасанды интеллект саласындағы әзірлемелермен айналысады.

Машиналық оқыту мен жасанды интеллект саласындағы мамандар қауымдастығы қалыптаса бастайды және жасанды интеллект курстары IT мектептері мен университеттерінің білім беру бағдарламаларына біріктіріледі. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Министрлік қабылдайтын шаралар кешені, сондай-ақ түрлі іс-шараларды өткізу жалпы IT-саланы дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, инвестициялар тартуға және IT-өнімдер экспортын ұлғайтуға ықпал етеді, – деп сөзін түйіндеді Ерсұлтан Әділетұлы.

Сәбина КӘКІМЖАН

№124 (4557) 19/10/2023 Бейсенбі

ШЕШЕДЕН ЖЕРІП НЕ БОЛДЫ?

«Шешесін көріп, қызын ал», «Шеше көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» деп баласын тектілікке тәрбиелеген қазақтың енді баласына «Шеше, шеше, неше кесе сынды кеше?» деген жаңылтпашты үйретуіне болмайтын көрінеді. Себебі соңғы кездері әлеуметтік желіде «Қабылбек ұстаз» атанған біреу «Ана» – баланы дүниеге әкеліп, тәрбие берген әйел, ал «шеше» – баланы тууды біледі, баласын тастап кеткен, қарамаған, балаға еңбегі сіңбеген әйел» деген уағыз айтып айды аспанға шығарса, Арыстан ұстаз дейтін уағызшы «арақ ішетін баланы тәрбиелеген адамды шеше деп айтады» деп шешенсіді. Қазақ тілінде бір ұғым ретінде қолданылып келе жатқан екі сөзге өз пәтуалары бойынша анықтама берген бұл діндарлардың сөзіне желі қолданушылар қатты қарсылық білдіріп жатыр.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

«Атыңның басы бітіп жорғасы қап па?» дегендей, соңғы кездері дін өкілдері мазhабқа бөліп, анау уахабист, мынау салафит, ол тәңіршіл деп елді ала тайдай бүлдіргенімен қоймай, енді қазақтың тіліне де әңгіме айта бастағанына біз де бейжай қарай алмадық.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ тілінде «шеше», «ана» атаулары бір ұғымда қолданылады. Ол ертеден келе жатқан көне түркі сөздері, екеуі де «тар құрсағы кеңіп, тас емшегі жібіп» дүниеге ұрпақ әкелген әйел адамды меңзейді. Сөз қадірін өз қадірім деп білген қазақ әке-шеше, ата-ана сөздерін ұдайы қатар қолданып келеді. «Атыңа ауыр жүк артпа, анаңа ауыр сөз айтпа», «Әкесіз жетім – құр жетім, Шешесіз жетім – тұл жетім», «Әке қарғысы – оқ, шеше қарғысы – б..қ» деген мақал-мәтелдер – соның айғағы. Жасы үлкен кісілерді ақ шылауышты ана, шешей деп атау да – тілімізде бар дәстүр. Ал Қабылбек Әліпбайұлы болса, оны ескермейді де, «Құнанбайдан текті Абай туды, Зере анамыз өте тақуа болған, сондай адамды ана дейді» деп Абайдың анасы Ұлжан екенін білмей отырып, Абайдың әжесін анасы деп соғады. Керек десеңіз, қазақтың заңғар жазушысы, қазақтың ең мықты сөз зергері Мұхтар Әуезовтің өзі Абай романында «Жай басып, ауыр тыныс алып демігіп келе жатқан Абайдың шешесі (М.Әуезов, Абай)» деп қолданғанын да ескермейді.

Дін өкілдерінің тілімізге, дәстүрімізге қарсы сөйлеп жүргені бұл бірінші рет емес. Тіпті қазақтың сүтпен біткен, сүйекке сіңген отбасы тәрбиесінің өзін жоққа шығарып, қазақ қыздары хиджап киюі керек, домбыра харам деген сияқты сөдегей көзқарастарымен жұрт арасына жік салып жүргендеріне де біраз болды. Өткенде тағы біреуі «қазақтың қыздары тек қана өз туысына тиюі керек, сонда ғана сапалы ұрпақ туылады» деп әлеуметтік желіде көкіп отыр. Жеті атаға жетпей қыз алысып, қыз беріспеу – қазақтың қан тазалығын сақтаудағы, өмірге сау ұрпақ әкелудегі ең керемет ұстанымы. Бұл тіпті дүниелік деңгейде мойындалған қасиетіміз десек те болады. Бірақ әсіре діншілдер осы қасиетіміздің өзін былғағысы келеді. Ол аздай енді тілімізге ауыз салып, қазақтың сөзін де діни ұстанымға қарай бұрып бара жатқаны ойлантады.

Өткенде бір намазхан жігіт «Сіз неге ассалаумағалайкүмнен кейін армысыз деп қолданасыз? Ол тәңіршілердің сөзі ғой» дейді. «Кім айтты саған армысыз тәңіршілердің сөзі деп» десем, өрекпіп күш бермейді. Сосын «Абай да, Шәкәрім қажы да тәңіршіл ме?» дедім де, Абайдың:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес.

Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса тәңірі үшін,

– деген өлеңін айтып, «Татьянаның сөзін» аударғанда «Тәңірі қосқан жар едің сен» деп қолданғанын алға тарттым. Анау астағфиралласын айтып, көзі алақтап кетті.

Жалпы түркі ұғымында Тәңірі – Жаратқанның атауы. Егер адамзат Адам ата мен Хауа анадан (әлімсақтан) бері мұсылман десек, бұл – Жаратушы Иенің бір екенін меңзейтін ұғым. Сосында Хакім Абай 1895 жылы 27 жасында Алматыда қайтыс болған ұлы Әбдірахманға арнап жазған өлеңінде «Тәуекел ғып білдірмей, Күтіпсің Тәңірі жарлығын» деп жазады. Шәкәрім қажы да «Шала дін мен қате пәннің, Сөзіне ерме, маған ер. Міне, жаның, міне тәңірің, міне дінің, міне иман» деп білмей жазып отырған жоқ. «Дивани луғат ат-турк»-«Түркі сөздігі» еңбегінде де Тәңір есімін Алла деп аударған. Сосын да қазақ үшін Тәңір, Жаратушы, Алла, Құдай – бәрі бір ұғым. «Таңғы нәсіп – Тәңірден», «Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірі бар» деген тұрақты тіркестер, Тәңірберген сияқты есімдер – әне соның айғағы. Бес уақыт намазын қаза жібермейтін қариялардың қолына су құйғанда «Тәңір жарылқасын» деген батасын талай алғамыз. Ал армысыз сөзі – қазақтың арыдан келе жатқан амандасу, сәлемдесу ләмі. Оны белгілі бір дәуірге, мәлім бір дінге тәуелдеу мүлде қисынға симайды. Оның үстіне қазақ даласында қалыптасқан діни дәстүр бойынша әрбір мұсылман «Ассалаумағалейкүм» деп қана амандассын деген шарт жоқ. Сосын да қазірге дейін қазақ әйелдері «Амансыз ба? Есенсіз бе?» деп амандасып келді немесе сәлем салып келді. Бұл ислам дініне де қайшы емес. Бабадан бізге жеткен бұл үрдіс біздің санаға әбден сіңгені сонша, әйел адам «ассалаумағалейкүм» десе, тосын сезілетіні де жасырын емес.

> Баласын «ұят болады, обал болады, жаман болады» деп үш-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген қазақ исламның барлық құндылығын да осы үш ұғымға сыйдырып жіберген. Бұл үш ауыз сөздің астарында түсінген адамға бірнеше том кітапқа жүк болатын үлкен философиялық пайым жатыр

Баласын «ұят болады, обал болады, жаман болады» деп үш-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген қазақ исламның барлық құндылығын да осы үш ұғымға сыйдырып жіберген. Бұл үш ауыз сөздің астарында түсінген адамға бірнеше том кітапқа жүк болатын үлкен философиялық пайым жатыр. Бүгінгі молдалар жиі айтатын тазалық, адалдық, жан баласына қиянат жасамау, ұят, намыс деген ұғымдар да осы үш сөйлем сөзге сыйып тұр. Демек, қазақтың дәстүрлі көзқарасы, дүниелік танымы қазіргі молдалардың күні-түні қақсап айтып жүрген уағызынан бұрын қалыптасып болған. Бірақ соны біздің дін өкілдері дұрыс пайдалана алмайды, аузын ашса күнәдан бастап, сахабалардан цитат алып, «Мерседес көлігін діндарлар жасаған екен» деген сияқты күлкілі уағыздармен діннің де, өздерінің де қадірін кетіріп жүргені жасырын емес. Ол аздай «Атамның шоты аса, аса тиеді» демекші, енді тілімізге ауыз сала бастады. Осыдан біраз жыл бұрын «Алла» деген сөз жоқ деп, қазақ тілінің үндестік заңын белден басып, «Аллаh» деп айтасыңдар деп жұртты шатастырған еді. Соңында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы пәтуа шығарып барып әзер басылған.

Өткенде әлеуметтік желіні ашсам, тағы бір молла «құран аяттарын сөзсіз арабшасын үйреніп барып жаттау керек, арабша сөзді қазақша жазып алып жаттау бұл дұрыс емес» деп соғып жатыр. Бұл қайдан шыққан пәтуа сонда? Құдайға араптан басқа ұлттың тілі қадірсіз болса, құдіреті күшті Жаратушы неге ұлттарды жаратып, әртүрлі тілде сөйлетіп қойды?! Біз кешеге дейін «ақ қойдың келдесі, қара қойдың келдесі, мен Құдайдың пендесі. Мұхаммед құдай досы, бар білетінім осы» деп құдайға ниет бұрған халықтың ұрпағы едік қой. Енді неге біздің ұлтымыз, киіміміз, тіліміз, дәстүріміз дінге томпақ бола қалды?! Демек, атам қазақ «өлтіретін молда бар, өртейтұғын кітап бар» дегенде, буынсыз жерден пышақ салып, қисынсыз шариғат айтатын осындай молдаларды меңзесе керек. Абай болайық, дін діңгек болса, дәстүр мен тіл – ұлттың ұлы қасиеті. Есіміз шығып арабқа еліктеп, есімімізге дейін арабша қойып, ұлттық белгі-бөгенайымызды әлсіреткеннен біздің ұтарымыз шамалы. Одан тақуалығыз артып, діни сеніміміз күшейіп кетпейді. Өйткені дін тілге, формаға емес, ниетке байланған.

ЕСІРТКІ ЕЛДІ АЗДЫРАДЫ

Елордада нашақорлық және есірткі бизнесімен күресте қалалық полиция департаменті үздіксіз және белсенді жұмыстар жүргізеді. Әсіресе, интернет-ресурстар арқылы есірткінің синтетикалық түрлерін қоса алғанда, сату және жеткізу арналары бойынша фактілерді анықтауға ерекше назар аударылады.

Райхан РАХМЕТОВА

Астана қаласы Полиция департаменті Есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы, полиция полковнигі Рустам Гасизовтың айтуынша, жыл басынан бері қалада 739 есірткі қылмысы анықталса, оның 107-сі есірткі сатумен айналысатын тұлғаларға қатысты болған. Бүгінде әсіресе, синтетикалық есірткінің заңсыз айналымы мәселесі өткір тұр. Биыл 9 айда заңсыз айналымнан 263 келі есірткінің әртүрлі түрлері, оның ішінде 43,5 келі «синтетикалық» есірткі заттары тәркіленген.

– Биыл елордада синтетикалық есірткіні жасайтын 5 зертхана анықталып, олардың қылмысының жолы кесілді. Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін Астана қаласы Полиция департаментінің бастамасымен «Smart Astana» электронды платформасында, «Есірткіге жол жоқ» үндеу жолдау» қосымшасында жоба әзірленіп, іске қосылды. Аталған платформа полиция қызметкерлеріне граффити суреттерін, парақшаларды және т.б. жою бойынша жедел шаралар кешенін қабылдауға мүмкіндік береді, есірткіге қатысы бар интернет-дүкендерді жарнамалаудың барлық анықталған фактілерге заңды іс-әрекеттері өтініш берушіні Telegram арнасы арқылы атқарылған жұмыс туралы хабардар етеді, – дейді басқарма бастығы.

Бұл жұмыста азаматтар ерекше белсенділік танытуда. Олардың мәліметі бойынша биыл синтетикалық есірткіні сататын 60 сайт бұғатталып, граффитиді жарнамалайтын онлайн дүкендері жойылған. Есірткі тұтынушылардың санын азайту мақсатында жасөспірімдер мен жастар арасында профилактикалық жұмыстар күшейтіліп, оқу орындарында дәрістер мен сабақтар өткізілген. Одан бөлек, есірткінің зияны туралы деректі және көркем фильмдер көрсетіліп, интерактивті сабақтар өткізіледі. Жоғары оқу орындарымен меморандумдар жасалған. Студенттермен кездесулерде есірткі қылмысына қарсы күреске қатысты проблемалық мәселелер талқыланады, олар кейін бұл деректерді ғылыми еңбектерінде қолданады.

– Студенттердің ата-аналары үшін біздің басқарма қызметкерлері әлеуметтік желілерде және жеке пәтер иелері чаттарында «Кәмелетке толмағандарды есірткі қолдану фактілерін анықтау үшін үйде экспресс-тестілеу мүмкіндігі туралы» ақпараттық бағдарламаны іске қосты. Биыл нашақорлықтың алдын алу бойынша 238 профилактикалық іс-шара өткізілді. Жүргізіліп жатқан жұмыстарға мемлекеттік органдар, Үкіметтік емес ұйымдар, жастар қозғалысының волонтерлері, 15 спорт ұйымы белсенді қатысуда. Бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде республикалық басылымдарда есірткіге қарсы 367 басылым жарияланды, – дейді ол.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында, сондай-ақ 2023-2025 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасында нашақорлықпен күрес жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары» аясында әкім аппаратымен барлық мүдделі мемлекеттік органдарға және Үкіметтік емес ұйымға қажетті қаражат бөле отырып, нашақорлыққа қарсы мақсатты профилактикалық іс-шараларды іске асыруда «Астана – есірткісіз қала!» жоспары әзірленуде.

МҮГЕДЕКТЕРДІ ҚОЛДАУ – ҚОҒАМ МІНДЕТІ

Тағдырдың тәлкегіне түссе де мойымай, қоғамға пайдасын тигізуге тырысып келе жатқан жарымжан жандарды қоғамға бейімдеу, олардың еңсесін тіктеп, өзгелер секілді өмір сүрулеріне қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік тұрғыда қолдау – бүгінгі қоғамның басты талабы. Бұл ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында еліміздегі ерекше қажеттіліктері бар азаматтар өздеріне тиесілі жеңілдіктерді пайдаланып қана қоймай, қоғам өміріне белсенді араласу мүмкіндігіне ие болуы қажет екендігін атап өткен болатын.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

«Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз» деді Президент. Осыған орай, елордада мемлекет тарапынан әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға Қазақстан Республикасының заңы негізінде тегін медициналық көмек, мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында ерекше көңіл бөлініп келеді.

Сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар азаматтар мемлекеттік жәрдемақы түріндегі төлемдер алуға, баспанамен қамтамасыз етуге, өтемақы және жұмыс берушілер мен басқа да ұйымдар тарапынан берілетін қосымша әлеуметтік көмектер алуға құқылы. Астанада мұндай адамдар үшін инфрақұрылымды жақсарту, соның ішінде пандустармен, бейімделген лифтілермен, дәретханалармен, зағип жандарға арналған бағыттаушы белгілермен қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытта Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы да ауқымды жұмыстар атқарып келеді.

Көктал тұрғын алабында орналасқан «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы зейнеткерлік жасқа толған, өз бетінше қызмет көрсете алмайтын және денсаулық жағдайы бойынша көмекке мұқтаж адамдардың стационар жағдайында тәулік бойы тұрақты немесе уақытша тұруына арналған. Орталық мамандары сондай-ақ мүгедек балаларға үйде күтім көрсету жағдайында және өзіне-өзі қызмет көрсету қабілетін ішінара жоғалтқан және бөгде адамның қолдауына мұқтаж қарт азаматтарға көмек көрсетеді.

Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Ардақ Сейітованың айтуынша, мекемеде зейнет жасына жеткен, бірінші және екінші топтағы мүгедектер мен ұдайы басқа адамның көмегіне және күтіміне мұқтаж жалғызілікті адамдар тұрады. 1989 жылдан бастап жұмысын жүргізіп келе жатқан мекеменің алғашқы мекенжайы Ж.Тәшенов көшесінің бойында орналасқанын, кейін 2007 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен Көктал-1 тұрғын алабында жаңа ғимарат ашылғанын елорданың байырғы тұрғындар жақсы біледі. Бүгінде бұл жерде 2 340 адамға әлеуметтік қызмет көрсетілуде.

– Мекеме қызметінің басым бағыты – бұл

> Бүгінгі таңда орталықта 2 340 қызмет алушыға әлеуметтік қызмет түрлері көрсетіліп келеді. Орталық мамандары оларға әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-еңбек, құқықтық, экономикалық, психологиялық қызметтерді ұсынады

осында тұратын адамдардың қажеттілігін толық қамтамасыз ету, арнаулы әлеуметтік қызметтің сапасын үнемі жақсарту және қызмет алушылардың әлеуметтік бейімделуін арттыру. Мұнда қарттар толық немесе жартылай қозғалу және өзіне қызмет көрсету қабілетінен айырылғандардың тұрақты және уақытша тұруы үшін 400 орын бар, онда қиын жағдайларға тап болған адамдар тұрады. Бүгінгі таңда орталықта 2 340 қызмет алушыға әлеуметтік қызмет түрлері көрсетіліп келеді. Орталық мамандары оларға әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-еңбек, құқықтық, экономикалық, психологиялық қызметтерді ұсынады. Сондай-ақ мұнда күндізгі бөлімше жұмыс істейді. Бізде емдеу-дене шынықтыру кабинеті, сенсорлық бөлме, тұз шахтасы, бассейн, монша, скандинавиялық серуендеу, шахмат, дойбы, бильярд, тоғызқұмалақ, қолөнер, сәндік-қолданбалы өнер, подология кабинеті, физиокабинеттер, гидромассаждық ванналар, жылыжай, көшедегі тренажерлер бар. Алдағы уақытта күндізгі бөлім ашу, баскетбол, футбол алаңдарын ашу, орталық ғимаратын күрделі жөндеуден өткізіп, иппотерапия бөлімшесін ашу жоспарланып отыр, – деді орталықтың стационар жағдайындағы бөлім жетекшісі Сәуле Қайырова.

Қарттар мен мүгедектердің оңалуын және қоғамға бейімделуін жүзеге асыратын орталық аумағының көлемі 4,8 гектар жерді алып жатыр. Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы қазіргі заманға сай 4 тұрғын блоктан тұрады. Олардың ішінде әкімшілік блок; асхана; кір жуатын бөлме; монша, бассейн; діни рәсімдер үйі; жеке қазандық; автогараж бар.

Орталықта жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкерлер қызмет алушылардың әрқайсысымен жекелей қарым-қатынас орнатып, олардың талап-тілектерін тыңдап, мейлінше толыққанды өмір сүру салтын жеңілдетуге күш салуда. Олардың ішінде жалғызілікті зейнеткерлер, тыл еңбеккерлері мен тың және тыңайған жерлерді игеруге атсалысқан қарттар да бар. Тағдырлары тоғысқан қарттардың құлазыған көңіл-күйін жадыратып, мағынаға толтыру мақсатында «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы мәдени іс-шаралар ұйымдастыруға да аса мән беріп келеді.

Әлеуметтік қорғау жүйесі – үлкен жауапкершілікті, кәсіби біліктілікпен қатар адами қасиеттерді талап ететін сала. Осы бағытта сала қызметкерлері қажырлы еңбек етіп қана қоймай, кең жүрегімен, мейірбан көңілімен қамқорлыққа зәру жандарға қарайласып, көмек қолын созуда.

СУИЦИДКЕ СЕБЕП НЕ?

Жасөспірімдер арасындағы суицид – қоғамды алаңдатып отырған мәселе. Олардың бұл әрекетке баруына не себеп, мұндай қайғылы жағдайға жол бермеу үшін қандай жұмыстар жүргізу керек? Астана қаласындағы №2 көпбейінді балалар ауруханасының директоры, дәрігер, Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі Гүлнар Құлышевадан осы мәселе туралы сұрап білдік.

Райхан РАХМЕТОВА

– Жастар арасындағы суицид мәселесімен күн сайын бетпе-бет ұшырасып отырсыз. Ауруханаға ауыр жағдайда түсетін балалардың суицид жасауына көбіне не себеп болады?

– Аурухана көпбейінді болғандықтан хирургиялық көмек көрсету, ота жасау, жарақат алу және басқа да бағыттар бойынша 12 бөлім жұмыс істейді. Сол бөлімдерге түрлі жарақат алып келетін жасөспірімдердің арасында өз-өзіне қол жұмсайтындар кездеседі. Олардың бұл әрекетке баруына бірнеше себеп бар. Суицид жасап, бізге жағдайы ауыр немесе орташа халде келетін балалардың ішінде дәрі ішіп, өз-өзін улау, терезеден секіру, қан тамырын кесу және өз-өзін жарақаттау оқиғалары болады. Басты себептердің біріне ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың дұрыс еместігі жатса, екінші себеп – мектептегі жақсы көрген қызы немесе жігітімен ренжісіп, сөзге келуі болып отыр. Олар бір сәттік ашумен дәрі ішіп немесе білегіндегі қан тамырын кесіп өмірмен қоштаспақ болса, ата-анасымен келіспей қалған балалар көбіне терезеден секіреді. 14-17 жастағы сондай жасөспірімдер ауыр халде келеді, жан сақтау бөлімінде апталап жатады. Олардың бауыры мен бүйрегі қатты зақымданады, бұл ағзалардың қызметін қайта қалпына келтіру оңай емес. Былтыр біздің ауруханаға 26 бала суицид жасап түссе, соның ішінде көбі денесін жарақаттау, кесу әрекетіне барды, одан кейін дәрімен улану көп болды. Биыл қазан айына дейін 15 бала суицидпен түсіп, емделді.

– Өзіңіз куә болған сондай нақты оқиғалардың бір-екеуін айтып бере аласыз ба?

– Бір оқиға болды, өте жақсы отбасынан шыққан 17 жасар бала түсті. Ата-анасымен арасы жақсы. Қызы қарамай қойды деп дәрі ішкен. Қанша ем жасасақ та жағдайы түзелмеді. Есін жиған кезде кімді көргің келеді десек, анасын шақыртты. Анасы күні бойы қасында отырды, сол кезде баланың да жағдайы жақсара бастады. Анасымен осындай жылы қарым-қатынасы болса да суицидке барып отыр. Одан басқа балконнан секірген 12 жасар бала түсті, оны анасы барам деген жеріне жібермей қойған. Сол сәтте баласы балконның жанында тұрған екен, «Жібермесеңіз, секіріп кетем қазір» деген, анасы ойында ештеңе жоқ, «секірсең, секір» депті, содан бала секіріп ақыры ауыр жағдайда көз жұмды. Бізден емделіп шыққан балалардың ішінде екінші қайтара суицид жасайтындары да бар. Олармен кетерінде аурухана психологтары жұмыс жүргізеді. Дегенмен бұл балалар көбіне әлеуметтік жағдайы төмен және орташа деңгейдегі отбасылардан шыққандықтан, тағы сәл қиындыққа тап келсе, соған шыдамай, алдыңғы әрекетін қайталайды. Алайда мұндай оқиғаларды, әсіресе, телеарналарда, әлеуметтік желілерде көп көрсетпеу керек деп санаймын, егжей-тегжей қалай болғанын көрсетудің профилактикалық тиімділігі шамалы. Оның жаман екенін көрсінші деуі мүмкін. Бірақ бұл кей балаларға керісінше осылай жасауға болады екен деген ой салуы мүмкін.

– Мұның алдын алу үшін қандай ұсыныстар айтасыз?

– Мектептерде ата-анамен жұмысты күшейту керек. Түрлі іс-шаралар мен байқаулар өткізу қажет. Қазір ата-аналар отбасын асыраймын деп таңнан кешке дейін жұмыста жүреді. Кешке келгенде бір ауыз сөзбен халін сұрайды, бала «бәрі жақсы» дейді, сонымен болды. Негізі бәрі отбасынан басталады. Қазіргі балалардың бәрінің бірдей психикалық жағдайы дұрыс деп айта алмаймын. Әрине, оған қазіргі әлеуметтік желілер мен толассыз ақпараттық ағын себеп деп айтамыз. Дегенмен баламен жұмыс үйде басталуы керек. Ата-ана ұл-қызына өз ісімен өнеге болмаса, оларға ақыл айта бергеннен көп ештеңе өзгермейді. Үйде әке-шешесі бір-бірін сыйлап ақылмен сөйлесіп отырса балаға соның өзі – тәрбие. Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесімін, сонда отбасылық құндылықтар тобын басқарамын. Сонда көтерілетін мәселелерді зерделей келе байқағаным – үйде балалардың көңіл күйіне ерекше назар аудара қарау керек. Неге екенін білмеймін, біздің жастар қазір нәзік, балалар травмасы деген жақсы болды, бірдеңе болса бәріне әке-шешесін кінәлап шығады. Осы ретте балалармен мектепте және ауруханаға түскенде психологтар жұмыс істесе, мектепте де ата-анамен байланыс нығайтылса, жөн болар еді. Өзім де үш баланың анасы, әрі немере сүйіп отырған әже ретінде бұл мәселеге бейжай қарай алмаймын, комиссия аясында да осы мәселенің алдын алуға және мектептермен де бірлесе жұмыс істеуге қашан да әзірмін.

> Қазір ата-аналар отбасын асыраймын деп таңнан кешке дейін жұмыста жүреді. Кешке келгенде бір ауыз сөзбен халін сұрайды, бала «бәрі жақсы» дейді, сонымен болды. Негізі бәрі отбасынан басталады. Қазіргі балалардың бәрінің бірдей психикалық жағдайы дұрыс деп айта алмаймын. Әрине, оған қазіргі әлеуметтік желілер мен толассыз ақпараттық ағын себеп деп айтамыз. Дегенмен баламен жұмыс үйде басталуы керек. Ата-ана ұл-қызына өз ісімен өнеге болмаса, оларға ақыл айта бергеннен көп ештеңе өзгермейді

№124 (4557) 19/10/2023 Бейсенбі

«ТЕМІРЖОЛШЫЛАР» ТҰРҒЫН АЛАБЫ

60 ПАЙЫЗ ГАЗБЕН ҚАМТЫЛҒАН

Елорда іргесінде орналасқан «Теміржолшылар» кентін тұрғындар баяғыша «Қырқыншы» деп атап жүр. Стансаға байланысты «Теміржолшылар» тұрғын алабы болып кеткен. Elorda.info тілшісі елді мекенге барып, өмір сүруге қаншалықты қолайлы жағдай жасалғанын біліп қайтты.

Оңалхан ӨНЕРХАН

Жолаушылар мен жүк пойызының жүрісі тоқтамайтын мекенде 13 мыңнан астам халық тұрады.

Тұрғындардың сөзінше, бұл жерде бастапқыда стансада жұмыс істейтін теміржолшылар ғана өмір сүрген. Бірақ, бүгінде елді мекенде халық саны артып, жаңадан үйлер соғылған.

Көшелер арасымен жүре келе алдымыздан орта мектептің ғимараты көрінді. Мектеп оқушыларын кездестіріп, тұрғын алапта қалай тұрып жатқандарын сұрадық.

– Мен осы №29 мектепте оқимын. Бастысы, су мен асфальтталған жол бар. Мектепке велосипедпен зыр етіп келеміз. Бізде көше жарығы қойылған, бірақ мен тұратын шеткі аймақта жоқ. Енді жарық жоқ жерлерге көше шамдарын қойса жақсы болар еді, – деді топ бала ішінен бір оқушы.

Елді мекендегі білім ордасының іргетасы 1946 қаланған. Мектеп директоры Айжан Мәметханның сөзінше, мектепте 1179 оқушы бар. Қазақ-орыс тілдерінде білім беретін мекеме 2013 жылы жаңа үш қабатты ғимаратқа көшкен.

Өздеріңіз көріп тұрғандай, біздің мектеп ғимараты жаңадан салынған. Мұғалімдер жеткілікті, барлығы 82 мұғалім жұмыс істейді. Олардың көбі қала жақтан келеді. Ал оқушыларымыздың басым бөлігі осы тұрғын алапта тұрады. Білім ошағында жаңа әрі заманауи негізде жабдықталған 2 компьютерлік сынып бар. Мектеп ішінде түрлі тегін үйірмелер мен балалардың өзін-өзі басқару клубтары жұмыс істейді. Биылдан бастап бірінші сынып оқушылары ата-анасымен бірлесіп ағаш отырғызу үрдісін бастады. Осы негізде мектеп ауласында «Бірінші сыныптар аллеясы бар, – деп жауап берді №29 орта мектептің директоры Айжан Мәметхан.

Елді мекен туралы толық ақпарат білу үшін Алматы ауданы әкімінің бас инспекторы Еркебұлан Өмірбекке хабарластық. Телефон арқылы жауап беруге келіскен инспектор алдымен тұрғын алаптағы әлеуметтік нысандар туралы мәлімет берді.

– Тұрғын алапта бір орта мектеп пен 3 балабақша бар. Сондай-ақ Оқушылар сарайының филиалы да орналасқан. Онда 20 түрлі спорт үйірмелері бар. Жақында Ақтасты және Горький көшесінің қиылысында 1 мың баланы қамтитын Дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылады. Тұрғын алаптың өз ішінде №11 қалалық емхана бар. Ол толықтай жөндеу жұмыстарынан өткен, – деп жауап берді бас инспектор.

Еркебұлан Өмірбектің сөзінше, тұрғын үйлердің жартысынан астамы газдық жылу желісіне өткен.

Биыл инвесторлар қолдауымен 15 үйді тегін газбен жабдықтау жұмысы жүргізілді. Жалпы тұрғындардың 60 пайызы үйін газбен жылытып отыр. Көшелерге жарық қойылып, арық та қазылған. Осы жылы қосымша 700 метр арық жүйесі абаттандырылды. Нәтижесінде жаңбыр жауса немесе көктемде қар ерісе су басу қаупі жоқ. Айта кету керек, қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасымен бірлесіп, барлық 19 көшені жөндеу жұмысы жоспарланған. 2022-2027 жылдар аралығын қамтитын жобаға қазір түзету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жоспар бойынша 2024 жылдың бірінші тоқсанында нақты жоба дайын болады. Бүгінде Екібастұз көшесіне жөндеу жүргізілді. Қалған көшелерге жол шұңқырын жабу жұмыстары жасалды, – деп атап өтті ол.

Қазіргі таңда елді мекенде талшықтық оптика жүйесі тартылып, тұрғындардың 40 пайызы сапалы интернетпен қамтылған.

Тұрғын алап тіршілігін қарап жүргенде қоғамдық көліктердің бірінен кейін бірі жүріп жатқанын байқадық. Бас инспектордың мәліметінше, елді мекенге №15, 15а, 22, 22а бағыттарындағы автобустар қатынайды. Жыл соңына дейін олардың аялдамаға келу уақытын азайту мақсатында қосымша автобус қосу жоспарланып жатыр екен.

Бас инспектордан елді мекен туралы жалпылама ақпарат білген соң, тұрғындармен тілдесуді жалғастырдық. «Теміржолшылар» кенті қаншалықты өмір сүруге қолайлы екенін білу үшін дүкеннен шыққан әжені байқап, әңгімеге тарттық. Күлсара апаның елді мекенге көшіп келгеніне әлі бір ай да толмапты.

Біз бұл жаққа осы айдың басында көшіп келдік. Оның алдында Көктал-1-де тұрдық. Енді ғана көшіп келген соң, көп ешнәрсе айта алмаймын. Бірақ, байқағанымдай, кей көшелерде жарық болмай қалады. Қаламен іргелес тұрған соң, көшелерінде шамдары жарқырап тұрса дейміз. Әсіресе, кешқұрым мектептен қайтатын оқушылар бар. Елді мекен ішіне газ тартылған. Сондықтан жылуға қатысты айтарлықтай мәселе көрген жоқпын, – деп жымиып жауап берді алап тұрғыны.

Жұмыс күні болған соң ба, әйтеуір, көше тым тырыс. Тұрғын үйлердің басым көпшілігі жаңадан салынғаны көрініп тұр. Сондай-ақ жүре келе оңды-солды шашылып жатқан қоқысты да көрмедік.

Бас инспектор мәліметінше, №29 мектеп ауласында көктемде 300-ге жуық алма ағашы отырғызылған. 2024 жылы көктемде тағы қосымша ағаш отырғызуды жоспарлап отыр.

Тұрғын алапта Иманақ көшесінде 2021 жылы салынған саябақ бар. Сондай-ақ Маяковский көшесінде тағы бір гүлзар орналасқан. Елді мекенде футбол және бүлдіршіндерге арналған ойын алаңдары да бар.

Елімізде 2021 жылдан бері «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы жұмыс істеп жатқаны белгілі. Жоба мақсаты бойынша ел халқының негізгі қажеттіліктерге теңдей қол жеткізуін қамтамасыз ету қажет. «Теміржолшылар» тұрғын алабының тыныс-тіршілігімен таныса келе, ұлттық жобаның іске асып жатқанын байқауға болады. Елорда орталығынан алыстау орналасқан демесеңіз, бұл жерде тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы барлық жағдай жасалғанын көріп қайттық.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

КҮБӘН ӘЖЕНІҢ ҚУАНЫШЫ

Жақында елордада кезекте тұрған отбасыларға пәтер кілті табысталды. Сондай қуанышқа кенелген шаңырақтың бірі – Күбән әжеміздің отбасы. Біз қуаныш иелеріне құтты болсын айтып барып, кейуананы әңгімеге тарттық.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

– Бұл аталарың Майқанның аманаты ғой! Тірі кезімде жаңа пәтерді көргеніме шын қуандым. Астананың басшыларына рақмет! – дейді апамыз.

«Майқанның аманаты» дегенді немересі Талғар Мырзабек түсіндіріп берді. Бұған дейін елорданың іргесіндегі Қызылжар ауылында тұрады. Содан шаңырақ иесі Майқан атамыз қалада қолымызды ыстық суға салып, күтінейік деген мақсатпен баспана кезегіне тұрады. Бұл 2008 жыл болатын. Содан күн артынан күн өтіп, уақыт зымырап өте береді. 2014 жылы атамыз бақилық болып, тұрғын үй кезегіндегі кезектілік әжемізге ауысады.

Биыл Күбән әжеміз сүйінші жаңалықты естігенде не сенерін, не сенбесін білмейді. Қолындағы қызы Жанат бас қаладағы Нұрғиса Тілендиев көшесі 44/2 мекен жайындағы көп қабатты тұрғын үйге апарып, жаңа пәтерді ашқанда ғана шүкіршілігін айтып, басшыларға алғысын жаудырады.

– Екінші қызым Жанаттың қолында тұрамын. Қартайғанда өзіңнің жылы үйіңе кіріп-шығып жүргенге не жетеді? Бұл отағасымның арманы еді. Орындалды! Шүкір, бұл күнге мен жеттім. Үкіметке, қаланың басшыларына рақмет! Еліміз тыныш, жеріміз бүтін болсын, – дейді қуаныш иесі.

Сөйтіп, баспана кезегінде тұрған 82 жастағы әжеміз пәтерлі болды.

Биыл Астанада 6,5 мың әлеуметтік пәтер салынады деп жоспарланған еді. Міне, Күбән әжеміздің қуанышы – сондай игілікті істің нәтижесі.

Биыл республика бойынша баспана кезегінде тұрған адамдардың саны 647 мыңнан асты. Бірақ олардың арасында заң талаптарына сай келмейтін азаматтар да аз емес. Осыны жан-жақты зерделеген Индустрия және құрылыс министрлігі баспана кезегінде тұрған 223 мың үміткерді тізімнен шығаруды ұйғарды. Өйткені олардың арасында жеке баспанасы бары анықталды. Яғни баспанаға тезірек қол жеткізуге жол ашылды.

АСҚАР ЗАБИКУЛИН КӨШЕСІ АШЫЛДЫ



Құтқарушылар күні қарсаңында Астана қаласы Үркер шағын ауданында өрт сөндіруші, I дәрежелі «Айбын» орденінің иегері Асқар Забикулиннің аты берілген көше ашылды.

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі жедел кезекшісінің көмекшісі Асқар Забикулин былтырғы күзде өрт сөндіру кезінде 3 адамның өмірін құтқарып, алған ауыр жарақаттан 20 қараша күні ауруханада көз жұмды. Оның артында жұбайы мен екі баласы қалды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 19 қаңтардағы шешімімен елордадағы көшелердің біріне ержүрек өрт сөндірушінің есімі берілді.

Көшенің ашылуына Асқар Забикулиннің туыстары, зайыбы мен балалары, азаматтық қорғау органдарының ардагерлері, Астана қаласы Төтенше жағдайдар департаменті басшылығы мен жеке құрамы қатысты. Іс-шара барысында ағаш отырғызылды.

Бейбіт күн батырының есімін елдің есінде мәңгі есте қалдыру мақсатында «Қаһарман» телехикаясы түсіріліп, өткен айда «Astana» телеарнасынан көрсетілді. Сондай-ақ елордадағы №6 өрт сөндіру бөліміне Асқар Забикулиннің аты берілді.

ҚАУІПСІЗДІК КҮЗЕТІНДЕ

Бүгін елімізде Құтқарушылар күні атап өтіледі. Соған орай Астана қаласы Коммуникациялар қызметінің алаңында қалалық Төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Еркін Отарғалымның баспасөз мәслихаты өтті.

– 1995 жылы 19 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елімізде Төтенше жағдайлар мемлекеттік комитеті құрылды. Түрлі кәсіптердің өкілдері сияқты халықты, республика өңірлерін және оның объектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйе қызметкерлерінің де атап өтілетін өздерінің кәсіби мерекесі бар. Биыл тәуелсіз Қазақстанның төтенше жағдай қызметінің құрылғанына 28 жыл толып отыр, – деді Еркін Отарғалымұлы.

Оның айтуынша, қазіргі таңда Төтенше жағдайлар министрлігі мен оның комитеттерінің елімізде 100-ден астам ведомстволық бағынысты ұйымдар бар. Құтқарушылардың жалпы саны – 28 мыңнан астам адам. Күн сайын олар адамдарды құтқару үшін 200-ге жуық шығу жасайды. Шақырулардың жартысына жуығы өрттердің орын алуына байланысты. Кәсіби мерекеге орай спорттық турнирлер ұйымдастырылады.

Астананың Төтенше жағдайлар департаментінде тиісті дәстүрлер қалыптасты. Қазіргі уақытта елорданы өртке қарсы қорғауды 18 өрт сөндіру бөлімшесі іске асырады. Астана қаласының әкімдігі 5 өрт сөндіру депосын салу бойынша жұмыстарды жалғастырып жатыр. Олар Көктал, Үркер, Интернациональный, Тельман тұрғын алаптарында және №28 көшеде салынып жатыр. 7 нысанды реконструкциялау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қаланың Төтенше жағдайлар департаментінде 205 техника бар. 2021 жылы қала әкімдігі 2,5 млрд теңгеге 48 негізгі және арнайы техника сатып алды. Бүгіндері департаменттің техникасы мен материалдық-техникалық жарақтануы 100 пайызды құрайды. Қазір елорданың қауіпсіздік күзетінде 2 мыңнан астам қызметкер еңбек етіп жатыр.

Статистиканы сөйлетсек, Астананың гарнизон бөлімшелері жыл сайын орташа есеппен 4 мыңнан астам сапар жасайды, 600-ден астам өртті жояды, 1 мыңнан астам адамды құтқарып, эвакуациялайды. Кезекші тәулігіне 101 және 112 қызметтеріне мыңнан астам қоңырау қабылдайды. Осы жылдың тоғыз айының қорытындысында дабыл бойынша 4200-ден астам шығу жасады. 257 адам құтқарылып, қауіпсіз аймаққа 357 адам эвакуацияланды. Биыл астаналық құтқарушылар Қостанай, Абай облыстарындағы және Павлодар облысындағы «Ертіс» орманы өртіне қарсы күресте көмек көрсетті. Жер сілкінген Түркияға барды.

Сұлтан СЕЙІТ

Кеше Астананың «Құтқарушылар» аллеясында қаза тапқан қызметкерлерді еске алу рәсімі өтіп, гүл шоқтары қойылды. Шараға Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов, Астананың Төтенше жағдайлар департаменті басшылары және қызмет бабында қаза тапқан қызметкерлердің жақындары қатысты.

ӨЖЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЕСКЕ АЛДЫ

– Құтқарушылар күнінің қарсаңында осындай еске алу шарасын өткізіп отырмыз. Тәуелсіздік жылдарында 69 өрт сөндіруші, құтқарушы, офицер, сержант зардап шеккен халыққа көмектесіп, қызмет барысында ерлікпен қаза тапқан. Ерлікпен қаза тапқандар мәңгі ел есінде қалады. Біз әрдайым уақытында көмек көрсетуіміз керек және төтенше жағдайдың алдын алуымыз қажет, – деді министр.

Сондай-ақ Сырым Шәріпханов алда келе жатқан мерекемен құттықтады.

– Құрметті әріптестер! Сіздерге зор денсаулық пен жақсылық тілеймін! Жұмыстарыңыз алға баса берсін. Біз құтқару жұмысынан бұрын алдын алу жұмысына көбірек көңіл бөлуіміз керек. Бастысы, еліміз гүлдене берсін! Төтенше жағдайлар болмасын!, – деп сөзін түйіндеді Сырым Шәріпханов.

Іс-шара соңында азаматтық қорғау органдарына жаңадан келген қызметкерлердің ант қабылдау рәсімі өтті.

Сабина КӘКІМЖАН

ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Құтқарушылар күніне орай елорданың Binom мектептері арасында «Жас құтқарушылар» зияткерлік сайысы өтті. Білім беру ұйымдарында төтенше жағдайлар кезінде балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған іс-шараны Есіл ауданы әкімдігі мен Есіл ауданы Төтенше жағдайлар басқармасы бірлесе ұйымдастырды.

Индира БЕРЖАНОВА

Зияткерлік сайыс 5 оқушыдан құралған 6 топтың басын қосты. «Таныстыру», «Брейн-ринг», «Мен құтқарушымын», «Не? Қайда? Қашан?» атты 4 кезең бойынша қатысушылар білімдерін ортаға салды. Әр команда топ атауы мен өз ұрандарын да дайындап келген.

– Интеллектуалды сайыс бірінші кезекте құтқарушылар күніне орай өткізілді. Бұл жарыс балалардың төтенше жағдай болған сәтте өзін-өзі қалай ұстау керек екенін, әрі зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуді дұрыс үйретуге бағытталды. Биыл сайыс ойын-сауық форматында өткізілуімен ерекшеленді, – деді өз сөзінде Есіл ауданы әкімінің орынбасары Дәрменияр Қыдырбекұлы.

Додаға сақадай сай дайындалған қатысушылар алғашқыда өздерін таныстырып, кейін өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету дағдылары, құтқарушы мамандығының бағыттары бойынша сұрақтарға жауап берді. Ал үшінші кезеңде алғашқы көмек көрсету бойынша практикалық тапсырмаларды орындады. Соңғы кезеңде Төтенше жағдайлар министрлігі өкілдерінің бейне сұрақтарына жауап берді.

Есіл ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Талғат Каерлиновтің айтуынша, зияткерлік сайыстар қала мектептерінде тұрақты түрде өткізіледі.

«Білім беру объектілерінде профилактикалық іс-шараларды ұлғайту мақсатында Binom мектептері арасында викторина ұйымдастырылды. Сайыс жоғары сынып оқушылары арасында өтті. Себебі 9-11 сынып оқушылары төтенше жағдай саласына осы бастан-ақ қызығып, түрлі жағдайларда әрекет ету жолын зерттей түседі. Айта кететіні, биыл оқыту әдісі өзгертілді. Оқушылар өзара бәсекелесіп, теориялық тұрғыда білімдерін жетілдіреді» деді Т.Каерлинов.

Сайыс қорытындысы бойынша іс-шараға белсене қатысқаны үшін Қадыр Мырза Әли атындағы Binom.School мектеп-лицейі, Әбіш Кекілбаев атындағы Binom.School мектеп-лицейі және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Binom.School мектеп-лицейі марапатталды. Ал 3-орын Қаныш Сәтбаев атындағы Binom.School мектеп-лицейіне, 2-орын Әлихан Бөкейхан атындағы Binom. School мектеп-лицейіне және 1-орын Ыбырай Алтынсарин атындағы Binom.School мектеп-лицейіне табысталды. Жеңімпаз командаларға арнайы сыйлықтар мен кубоктар берілді.

«Мектеп оқушылары қазіргі таңда күнделікті тұрмыста қандай да бір оқыс оқиға болғанда қалай дұрыс әрекет ету керектігін білмейді. Сондықтан бұл сайыс оқушылар үшін қажет деп ойлаймын. Біз «Алғашқы әскери дайындық» сабағы барысында төтенше жағдай саласын тереңірек меңгеріп, адам өміріне жауапкершілікпен қарауға үйренеміз» деді Ыбырай Алтынсарин атындағы Binom. School мектеп-лицейінің оқушысы Нұрілияс Тоқтаров.

№124 (4557) 19/10/2023 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
23 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «Қилы күндер». Телехикая.
12:20 «Сезім толқыны». Телехикая.
13:10 «Сезім толқыны». Телехикая.
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
14:30 «АЛТЫН ҚАҚПА».
15:20 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
16:10 «Aqorda»
16:20 «Мәншүк. Әкеге араша түскен қыз».
